



АРХЕОЛОГИЯ
АБЫЗЫ

9-БЕТ | ТҰЛҒА



ҚАШҚАНМЕН ҚАРЫЗДАН
ҚҰТЫЛМАЙДЫ

10-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ҰЛУ ЖЫЛЫ.
ҚАЙ ҰЛУ?

14-БЕТ | РУХАНИЯТ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Аға буын жас ұрпаққа жол нұсқап, бағыт-бағдар беруі керек. Елімізде көзі ашық, көкірегі ояу, ойы ұшқыр, білімді жастар көп. Біз олардың бойына асыл қасиеттерді сіңіруіміз қажет. Ұлы Абайдың «Бірінді, қазақ, бірің дос көрмесең, істің бәрі бос» деген сөзі әлі де өзекті болып тұр. Мен зиялы қауым өкілдерінің бір-біріне әрдайым тілектес болғанын қалаймын. Өзара жанашыр болу, түптеп келгенде, елге жанашыр болу деген сөз.

№33
(4621)

Сейсенбі
19 наурыз
2024 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Сұлтан СЕЙІТ



ҰЛТТЫҚ КИІМ – ҰЛАҒАТЫҢ

Ұлттық киім киген астаналық жастар арнайы челлендж бастады. Елордада наурызнаманың онкүндігі аясында 18 наурыз – Ұлттық киім күніне орай жастар ұйымдары Қазақстан халқының ұлттық киімдерін кеңінен дәріптеу мақсатында челлендж ұйымдастырды. Астана жастарының бастамасы басқа өңірлерде де қолдау тапты. Ал ұлттық киім киген театр, филармония, кітапхана және музей қызметкерлері Мемлекеттік рәміздер алаңында қошқармүйіз ою-өрнегі нақышымен флешмоб өткізді.

БАҚ ШАБА МА, БАП ШАБА МА?

21 наурызда футболдан Қазақстан ұлттық құрамасы 2024 жылғы Еуропа чемпионатының жолдамасы үшін өтетін плей-офф матчында Грекия командасымен ойнайды.

Грекия астанасы Афинада 21 наурыздан 22-сіне қараған түні сағат 00:35-те басталатын ойын «Qazaqstan» және «Qazsport» телеарналарынан тікелей эфирде көрсетіледі. Матчта жеңген команда 26 наурызда Грузия-Люксембург жұбының жеңімпазымен шешуші ойын өткізеді. Жеңімпаз құрама 2024 жылғы Еуропа чемпионаты финалдық сатысына жолдама алады.



Наурыз мейрамын мерекелеу аясында елордада 200-ге жуық іс-шара өтеді. Қала тұрғындары концерттерге, мерекелік бағдарламаларға, көрмелерге, қойылымдарға, ұлттық спорт түрлері бойынша жарыстарға қатыса алады.

Астанада наурызнама аясында «Көрісу», «Қайырымдылық», «Салт-дәстүрлер», «Шаңырақ» және «Ұлттық киім» күндеріне арналған өте мағыналы-мазмұнды іс-ша-

ралар өтті. Бүгін – «Жаңару», ертең – «Ұлттық спорт», 21 наурызда – «Ынтымақ», 22 наурызда – «Жыл басы», 23 наурызда «Тазару» күні мерекелік іс-шаралары өтеді.

МЕРЕКЕДЕ ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ҚАЛАЙ ЖҮРЕДІ?

CTS компаниясы Астанада алдағы Наурыз мейрамы күндері қоғамдық көлік қалай жүретінін хабарлады.

Елордада мереке күндері қоғамдық көлік келесідей кестемен жұмыс істейді: 21, 22, 23, 25 наурыз күндері сенбі күнінің кестесімен, ал 24 наурызда жексенбі күнінің кестесіне сәйкес жүреді.

Қоғамдық көліктердің жұмыс уақыты: сағат 06:00-ден 23:00-ге дейін.



ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 491.26 \$ USD/KZT 449.3 ₪ RUB/KZT 4.93 ¥ CNY/KZT 62.61

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ БАРЫСЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы Ресей Президентімен телефон арқылы сөйлесті. Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Путинді Президент сайлауындағы сенімді жеңісімен құттықтады.

Мемлекет басшысы Ресей Президентінің стратегиялық бағдары жалпыхалықтық қолдауға ие болғанын

атап өтті. Тараптар стратегиялық серіктестік рухында қарқынды дамып келе жатқан екіжақты ынтымақтастық

барысын талқылады. Мемлекеттер басшылары өзара тығыз ықпалдас-тықты жалғастыруға келісті.

КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯ ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің креативті индустрия өкілдерімен кездесті.

Мемлекет басшысына музыка, әлеуметтік желі, киноиндустрия,

жасанды интеллект және киберспорт салаларында табысқа жеткен отандық

жобалар таныстырылды деп хабар-лады Ақорданың Telegram-арнасы.



«БОЛАШАҚ» СТИПЕНДИЯСЫ БЕРІЛДІ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қариннің төрағалығымен шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның кезекті отырысы өтті.

Комиссия шешімімен «Болашақ» халықаралық стипендиясы 199 қазақстандыққа берілді. Олар магистратура мен докторантурада оқитын болады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Болашақ» бағдарламасын қайта бағдарлау жөніндегі тапсырмасына сәйкес инженерлік-техникалық кадрларды даярлауға баса мән берілді. Егер өткен жылы инженерлік-техникалық мамандықтарға 36% стипендия

бөлінсе, биыл 60% бөлінді. Сонымен қатар медициналық бағыттағы академиялық бағдарламаларға үміткерлердің қолжетімділігін және қызығушылығын арттыру мақсатында республикалық комиссия медицина қызметкерлерін академиялық оқыту үшін жеке санат бөлу туралы шешім қабылдады.

Жалпы, биыл магистратура мен резидентурада оқуға 385 стипендия, докторантура бағдарламалары бойынша 60 стипендия бөлінді. Осы

жылдың соңына дейін республикалық комиссияның тағы екі отырысы өтеді. «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындау конкурсына қатысу үшін құжат қабылдау биылғы 30 мамырда басталды және 14 қазанға дейін созылады. Тағылымдамадан өту үшін құжат қабылдау 2022 жылғы 5 қыркүйекте басталып, 14 қазанда аяқталады.

Жиын қорытындысы бойынша Ерлан Қарин бірқатар нақты тапсырма берді.

ХАЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРДІ СЕЗІНУІ ТИІС

Қазақстан Премьер-министрі Олжас Бектенов 15 наурызда өткен «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың елімізде тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі тапсырмаларын орындау бойынша кеңес өткізді.

Президент ТҚШ инфрақұрылымын жөндеу және жаңғырту мәселесі бойынша қолданыстағы 55 жылу көзін жөндеуді және кемінде 6,5 мың шақырым инженерлік желілерді жаңғыртуды тапсырды. Бұл мақсаттарға 650 млрд теңге инвестиция тартылады. Азаматтардың баспаналы болуын қамтамасыз ету бойынша қойылған міндеттерді шешу үшін Үкімет кезекте тұрғандар, оның ішінде халықтың әлеуметтік осал санаттары үшін сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үй көлемін 4 есе ұлғайтуды жоспарлап отыр. Ол үшін қосымша 272 млрд теңге бөлі-

ағымдағы жұмыстардан бөлек, қосымша 2,5 мың шақырым жолды жөндеу жұмысын жоспарлап отыр. Бұл мақсатты іске асыру үшін шамамен 1 трлн теңге инвестиция бағытталады. Бұл жай-күйі жақсы және қанағаттанарлық республикалық жолдардың үлесін 93%-ға дейін арттыруға, сондай-ақ қосымша 24 мың жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді.

Елді мекендерді газдандыру деңгейін арттыру мақсатында Мемлекет басшысы кемінде 1,7 мың шақырым желіні жаңғырту міндетін қойды. Бұл 300 мыңнан астам азаматқа көгілдір отынды қолжетімді



неді. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Отбасы банк» 300 млрд теңге сомасына ипотекалық қарыздар беретін жаңа бағдарламаны іске қосады. Жаңа бағдарламаға жұмыс істейтін жастар, жас отбасылар, тұрғын үй төлемін алушылар, банк салымшылары, моноқалалардың, аудан орталықтары мен ауылдық елді мекендердің тұрғындары, оның ішінде ақша жинау бойынша міндеттемесі жоқ тұрғын үй кезегінде тұрғандар қатыса алады. Бірінші жылы жаңа бағдарлама есебінен қосымша 12 мың баспанаға мұқтаж отбасын үймен қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Жалпы биыл рекордтық 18 млн шаршы метр тұрғын үй салынады, бұл бұрынғы жоспарланған жылдық көрсеткіштен 2,5 млн шаршы метрге артық.

Еліміздің жол желісін дамыту бойынша Президент айтқан 12 мың шақырым автомобиль жолдарын реттеу үшін Үкімет

етеді. Осыған байланысты Үкімет биыл жоспарланған 46 елді мекеннің орнына 87 елді мекенді газдандырмақ. Осылайша, 63 мыңнан астам адам жеделдетілген шаралармен газбен қамтылады, яғни қамту іс жүзінде 2 есеге ұлғайды. Бұл мақсаттарға 195 млрд теңге бөлінеді. Үкімет басшысы биыл 1 сәуірге дейінгі мерзімде жобаларды қаржыландыру кестесін уақытылы ұсынуды тапсырды. Кесте сондай-ақ жобалардың әрі қарай іске асуын күнделікті бақылауды да көздейді.

«Біз Президенттің ауқымды инфрақұрылымдық бастамаларының уақытылы іске асуын қамтамасыз етуге тиіспіз. Әрбір министрге және әкімге, ұлттық компаниялардың басшылығына жұмысты күнделікті бақылауға алуды тапсырамын. Тұрғындар нақты өзгерістерді көруі қажет. Толық қайтарыммен жұмыс істеу және жоғары нәтиже тиімділіктің көрсеткіші болмақ» деді Олжас Бектенов.

БІРЫҢҒАЙ ЖОСПАР ӘЗІРЛЕУДІ ТАПСЫРДЫ

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында көтерген бастамаларын жүзеге асыру бойынша кеңес өткізді.

Ерлан Қарин Мемлекет басшысының бастамалары мен тапсырмалары еліміздің мәдени және рухани саласын ортамерзімді перспективада дамытуды көздейтін «Жол картасы» секілді екенін атап өтіп, оның жоспарлы түрде, рет-ретімен әрі тиімді іске асырылуын қамтамасыз ету қажет екенін айтты.

Сондай-ақ Мемлекеттік кеңесші құрылтай мүшелерінің үш секцияда және пленарлық отырыста көтерген идеялары мен ұсыныстарына зерделеу жұмыстарын жүргізуді, сараптама нәтижесі бойынша оларды қарастырудың бірыңғай жоспарын әзірлеуді тапсырды.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Ресейде президент сайлауы аяқталды.

Хаттама нәтижесі бойынша Владимир Путин 87,31 пайыз дауыспен жеңіске жетті. Орталық сайлау комиссиясының мәлімдеуінше, сайлауға халықтың 74,22 пайызы қатысқан. Путиннің бәсекелестері 13 пайыздан аз дауыс жинады. Екінші орында – Николай Харитонов (4,30 пайыз), үшінші орында – Владислав Даванков (3,83 пайыз), төртінші орында Леонид Слуцкий 3,21 пайыз дауыс жинаған.



АҚШ Конгресі ел аумағында TikTok-қа тыйым салатын заң қабылдады.

Заң жобасы 352 дауыспен мақұлданды. Ол қабылданса, TikTok-тың қытайлық ByteDance компаниясынан бөлініп шығуына шамамен 5 ай уақыт беріледі. TikTok ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіреді деген қауіп бар. Себебі Қытай билігі өзінің барлау заңдарын ByteDance-ке қарсы пайдаланып, осы әлеуметтік желіге тіркелген АҚШ азаматтарының деректеріне қол жеткізуі мүмкін.



Ауғанстан мен Пәкістан шекарасында қақтығыс болды.

Ауғанстан Қорғаныс министрлігінің хабарлауынша, әскерилер Пәкістан әуе күштерінің рейдтеріне жауап ретінде екі елдің шекарасындағы Пәкістан әскери базаларына оқ жаудырған. Пәкістанның әуе күштері екі елдің шекарасына жақын орналасқан Пактика және Хост провинцияларындағы екі елді мекенге әуеден соққы берді. Ауғанстан үкіметінің хабарлауынша, әуе шабуылынан кем дегенде 8 адам, оның ішінде 3 бала қаза тапқан.

ЕРЕКШЕ ЖАНДАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ



Астанада «Kozimnin qarası» қазақстандық қоғамдық бірлестігінің «Ерекше мүмкіндік» атты ерекше қажеттілігі бар жандарды қолдау орталығы ашылды. Аталмыш орталықтың ерекшелігі – барлық санаттағы мүмкіндігі шектеулі жандар үшін сурет салу, вокал, шаштараз, тігін, массаж үйірмелері оқытылады.

Индира
БЕРЖАНОВА

Мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік қорғау саласындағы саясатты жетілдіру, олардың қоғамға толыққанды сіңісіп, басқалармен тең өмір сүруі, жұмыс істеуі, оқуы, қоғам өміріне еркін қатысуы, инклюзиялық орта құрып, арман-мақсаттарының орындалуына мүмкіндік беру – «Kozimnin qarası» орталығының басты мақсаты.

«Қоғамда мүмкіндігі шексіз жандардың қарым-қабілеттерін жетілдіру

негізінде осы орталық ашылды. «Балық бермей, қармақ бер» деген ниетпен ерекше қажеттілігі жандарды түрлі үйірмелер бойынша ақысыз негізде оқытамыз. Кәсіпкерлік негіздері үйретіп қана қоймай, ерекше жандарды жұмыспен қамтуға да үлес қосамыз» деді өз сөзінде «Kozimnin Qarası» қазақстандық мүгедектер қоғамдық бірлестігінің төрағасы Жүзбай Серік.

Орталықта негізінен, тігін, массаж, шаштараз, сурет салу бағыттары бойынша кәсіпкерлік негіздеріне үйретеді. Сондай-ақ психолог пен заңгерлерден

тегін кеңес ала алады. Мұнда сонымен қатар «showdown» үстел теннисі де орнатылып, келушілер бос уақытында спортпен де айналысады.

Іргелі орталықтың ашылу салтанатына қолдау білдіріп келгендердің қарасы көп болды. Іс-шара барысында спорттық сайыс ұйымдастырылып, жеңімпаздар алғыс хат және медальмен марапатталды. Солардың бірі – 1-топтағы мүгедек жан Гүлмира Жетпісбаева.

«Әйелдер арасындағы жарыс өте жоғары деңгейде өтті. Жаттықтырушы бізді қолдап, барлығын үйретті. Өзім 1,5 жылдай ерекше жандар арасындағы сайыстарға үзбей қатысып келемін. Алдағы уақытта жаттығуларды осы орталыққа келіп, жасайтыныма қуаныштымын» деді жеңімпаз.

ВЕЙП САТҚАНДАР ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛДЫ

Астанада барлық бес ауданда вейп пен насыбай сату және өткізу фактілерін анықтау, сондай-ақ ашық жарнама арқылы электрондық темекілерді сатудың жолын кесу мақсатында 100-ден астам сауда нысаны тексеріліп, рейд жүргізілді.



Полиция департаментінің қызметкерлері аудан әкімдіктерімен бірлесіп шегілмейтін темекі өнімдерін сату мен таратудың 50-ге жуық фактісін анықтады. Мысалы, Байқоңыр ауданында 100 келіге жуық насыбай тәркіленді. Ал Есіл ауданы Полиция департаментінің

учаскелік полиция инспекторы Ерзат Көкеновтің мәлімдеуінше, заңды бұзған дүкен иелеріне хаттама толтырылып, 25 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынды, бұл – 92 300 теңге.

– ҚР ӘҚБтК 441-бабы бойынша темекі өнімдерін тұтынуға тыйым са-

луды бұзғаны үшін 598 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Қазіргі уақытта «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексте шегілмейтін темекі өнімдерін, оның ішінде насыбайды әкелуге, өндіруге, сатуға және таратуға тыйым салу көзделген. Шегілмейтін темекі өнімдері заңсыз сатылғаны үшін 25 АЕК немесе 92 мың теңгеден астам мөлшерде айыппұл салынады, – деді Ерзат Көкенов.

Рейд барысында қоғамдық орындарда шегілмейтін темекі өнімдерін пайдаланатын адамдарға түсіндіру жүргізілді. Жедел-профилактикалық іс-шараларды жүргізу кезінде электронды буландырғыштарға арналған сұйықтық вейп пен пакеттер, хош иістендіргіштер, химиялық заттар – глицерин, пропиленгликоль тәркіленді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылғы 15 наурызда Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында қазақстандықтардың денсаулығына зиянды есірткі мен басқа да заттардың зияны туралы айтқан болатын.

«Қазіргі уақытта тиісті заңдарға өзгерістер енгізу мәселесі қаралып жатыр. Олар тек вейптер үшін ғана емес, сонымен қатар насыбайды пайдалану үшін де қылмыстық жауапкершілікті қарастырады. Бұл шаралар насыбайға толық тыйым салуға мүмкіндік береді» деді Президент.

Нидерланд ірімшік өндіруден әлемдік рекорд орнатты.

Елде жыл сайын жарты миллион келіге жуық өнім шығарылады. Оның 75 пайызы экспортқа кетеді. Нидерландтық ең танымал түрлеріне Гауда және Эдам сорттары жатады. Мамандар 100 елдегі өндіріс барысын сараптаған. Екінші орынға Франция табан тіреді. Олар ірімшіктің 250 түрін шығарады екен. Француздар аталған сүт өнімін сатып алуға жылда 400 миллион доллар жұмсайды.



Елордаға келетін студенттер саны өткен жылмен салыстырғанда 10 мың адамға артты. Олармен қандай жұмыс жүргізіліп жатқаны жөнінде қалалық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихаты барысында Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Самат Ибраев мәлімдеді.

150 ТҮЛЕККЕ ГРАНТ БӨЛІНДІ

Астана қаласының жастар саясаты мәселелері басқармасы елорданың жоғары оқу орындарымен және студенттерімен белсенді жұмыс істейді. – 2023-2024 оқу жылында Астана қаласының әкімдігі азаматтардың жекелеген санаттарынан 150 түлекке, оның ішінде жетім балаларға, балалар үйінің түлектеріне, бала кезінен мүгедектерге, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, көпбалалы отбасылардан шыққан балаларға гранттар бөлді, – деді Самат Ибраев.

Бұл студенттер жалпы медицина, әлеуметтік жұмыс, сәулет (BIM-менеджер жобалаушы), электр энергетикасы, дене шынықтыру және спорт, психология, есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (бағдарламашы), дизайн, педагогика (математика, химия және биология мұғалімі) және т.б. мамандықтар бойынша оқиды.

Жалпы, елордада білім беру ұйымдарын педагогикалық кадрлармен қамтамасыз ету мәселесі бар. Оны шешу үшін 2018 жылдан бастап елорда әкімдігі жоғары оқу орындарында мұғалімдер мен дәрігерлерді даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастырады.

2027 жылға дейін Астана әкімдігінің мемлекеттік тапсырысы бойынша 1800-ден астам адамды педагогикалық мамандықтар бойынша оқыту жоспарланып отыр, оның ішінде: 2024 жылы – 370, 2025 жылы – 387, 2026 жылы – 435, 2027 жылы – 679.

– Ай сайын елорданың жоғары оқу орындарының студенттеріне оқу кезеңінде қалалық жолаушылар көлігінде жеңілдікпен жол жүру құқығы беріледі. Жеңілдікпен жол жүру құқығы күндізгі оқу нысанындағы білім беру ұйымдары білім алушыларының жеке-

леген санаттарына: жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға; атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балаларға, сондай-ақ жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен аз мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын отбасылардан шыққан балаларға беріледі. Биылғы оқу жылында елорда университеттерінің 151 студенті Астананың қалалық жолаушылар көлігінде жеңілдікпен жол жүруге құқылы, – деді басқарма басшысы.

Астанада қалалық еріктілер штабы жұмыс істейді, ол қаланың белсенді еріктілері мен еріктілер ұйымдарының басын қосады. Волонтерлік штабқа бес мыңға жуық ерікті кіреді, олардың шамамен 50%-ы – елордалық жоғары оқу орындарының студенті. Біздің қаламызда бірде-бір республикалық және халықаралық іс-шара ерікті студенттердің қатысуынсыз өтпейтінін атап өткен жөн. Биыл елордалық еріктілердің ШЫҰ саммиті және Дүниежүзілік көшпенділер ойындары сияқты іс-шараларға қатысуы жоспарланған.

2023 жылы 1170 орындық 8 жатақхана пайдалануға берілді. 2024 жылы МЖӘ шеңберінде 1889 орындық жатақханалар салу, 2025 жылы 8 жатақхананы пайдалануға беру жоспарланып отыр. Сонымен қатар, медициналық университеттің балансына бұрынғы «Рамада Плаза» қонақ үйінің ғимаратын бергеннен кейін оны 700 студент тұратын жатақханаға қайта құру көзделуде.

Елордада ЕҰУ-град жаңа студенттік қалашығы салынады, оның аумағында оқу, ғылыми-зерттеу, спорттық-сауықтыру, демалыс және технопарк сияқты бірнеше заманауи аймақтарды орналастыру жоспарланып отыр.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕГІЗІНШІ САЙЛАНЫМЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2024 жылғы 29 наурызда сағат 10.00-де Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымының кезекті сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі сұрақтар енгізіледі:

- Елордада мемлекеттік спорттық және шығармашылық тапсырысты іске асыру барысы туралы;
- Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі.
- «Астана қаласы азаматтарының жекелеген санаттарына қалалық бағдарлардың жолаушылар көлігінде жол жүруге төлем төлеуден босату түрінде әлеуметтік көмек көрсету тәртібі туралы» Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 20 шілдедегі № 167/21-VI шешіміне өзгеріс енгізу туралы.
- «Астана қаласында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі айқындау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2021 жылғы 24 қарашадағы № 104/15-VII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.
- Астана қаласында 2024 жылға кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең аз мөлшерін бекіту туралы.
- Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару шарттарының жобаларын келісу туралы.
- Астана қаласында тіркелген Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды

қосымша тегін беру туралы.

8. Астана қаласы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы.

9. Астана қаласында мемлекеттік органдардың нашакорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы іс-қимылға бағытталған қызметін үйлестіру жөніндегі ведомствоаралық штаб құрамы туралы.

10. Астана қаласының төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссиясын құрамы туралы.

11. «Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 303/38-VII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

12. «Астана қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша округтік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 304/38-VII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

13. «Астана қаласының аудандық аумақтық сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 129/16-VIII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

14. Қалалық мәслихаттың сессияларында айтылған сын-ескертпелер мен ұсыныстардың орындалу барысы туралы.

15. Астана қаласы мәслихатының кезекті сессиясының қарауына енгізілетін негізгі мәселелер туралы.

Анықтама үшін телефондар: 55-66-36.

Е. КАНАЛИМОВ,
Астана қаласы
мәслихатының төрағасы



Мәулен ӘШІМБАЕВ,
Сенат төрағасы:

ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯНЫҢ ЖАҢА БАҒДАРЫ

– Атырау қаласында Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың төрағалығымен Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысы өтті. Дәстүрге айналған келелі кеңестің кезекті жиынында идеология саласында жүргізілетін кешенді жұмыстың нақты бағыт-бағдары айқындалды. Бұл қазіргідей жаһандану кезеңінде тарихи тамырдан ажырамай, ұлттың өзіндік келбетін сақтап қалу үшін аса маңызды қадам екені анық.

Шын мәнінде, елдің өсіп-өркендеп, озық мемлекеттердің қатарына қосылуы үшін экономикалық жетістіктер аздық етеді. Бұл ретте халықтың бірегейлігін айшықтайтын құндылықтар айрықша маңызға ие. Мемлекет басшысы құрылтайда осы мәселеге баса назар аударды.

Президентіміз өз сөзінде бұл бағыттағы бірқатар мәселеге тоқталды. Соның ішінде қоғамдағы береке-бірлікті сақтау елдікті нығайту жолындағы негізгі міндеттің бірі екенін айтты. Мемлекет басшысы атап өткендей, осы істе зиялы қауымға айрықша жауапкершілік жүктеледі. Расымен, аға буынның ауызбіршілігі тұтас елдің ынтымағына әсер ететіні сөзсіз.

Құрылтайда мемлекеттік тілге қатысты мәселе де назардан тыс қалған

жоқ. Президентіміз қазақ тілінің ғылым тіліне айналып келе жатқанын және тіліміздің қолдану аясын кеңейте түсу мемлекеттік саясаттың басты бағыты болып қалатынын айтты. Бұл істе креативті индустрияның маңызы ерекше. Осыған орай, алдағы уақытта аталған саладағы кешенді жұмыстар жалғаса береді.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы қоғамда кітап оқу мәдениетін орнықтыру үшін құрылтай мүшелерінің Ұлттық кітап күнін белгілеу туралы ұсынысына қолдау білдіріп, оны мазмұнды әрі нәтижелі өткізу керектігін айтты.

Елдің идеологиялық кеңістігін кеңейту жолында мәдени мұраны сақтау, төл тарихымыз бен көрнекті тұлғаларымызды дәріптеу ісі де басымдыққа ие. Сол себепті Президентіміз биыл Жошы ұлысының негізі қаланғанына 800 жыл толып отырғанын назарға алып, елімізді әлемге таныту үшін Алтын Орда брендин жан-жақты және кеңінен пайдалану қажет екенін атап өтті.

Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру жолында жағымсыз әдеттерден арылудың маңызы зор. Қазіргі таңда түрлі үрдіске байланысты қоғамға қауіпті жаңа кеселдер пайда болғаны белгілі.

Мемлекет басшысы осы мәселеге ерекше тоқталып, есірткі саудасы, лудомания, тұрмыстағы зорлық-зомбылық, буллинг пен агрессия, вандализм және ысырапшылдық сияқты елдің іргелі жылжуына тұсау болатын дерттерге тосқауыл қою керектігін айтты.

Қасым-Жомарт Кемелұлы ұлт тамырына балта шабатын мұндай әдеттерден түбегейлі құтылу үшін заңды күшейтіп, жазаны қатайтып, батыл қадамдар жасау қажет екенін атап өтті. Сонымен қатар Президентіміз ұлттың жаңа келбетін айқындайтын негізгі құндылықтарға да тоқталды. Олар: тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік және ынтымақ, әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, жасампаздық және жаңашылдық.

Елімізде жалпыұлттық құндылықтар жүйесін бекіту, қоғамда жаңа этика қалыптастыру, Президентіміз айтқан «Адал азаматқа» лайықты ұрпақ тәрбиелеуде аталған қағидалар негізгі бағыт болары анық. Сондықтан Мемлекет басшысы айқындап берген жаңа идеологиялық бағдар аясына бүкіл қоғам болып топтасып, жаңа міндеттерді іске асыруда жұдырықтай жұмылуымыз керек. Бұл ретте Парламент, оның ішінде Сенат заңнамалық бағыттағы жұмысты сапалы әрі уақытылы жүргізуге дайын екенін атап өткім келеді. Алдағы уақытта халқымыз осы бағытта бірлік пен Президентіміз айтқан «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» үш тағанына табан тіреп әрекет етсе, озық ойлы ұлт болып қалыптасатыны сөзсіз. Сол себепті баршаңызды елдікті нығайтатын іске бейжай қарамай, белсенділік танытуға шақырамын!



“”

Мен бүгін маңызды идеологиялық тұжырымдарымыз бен негізгі бағыттарымыз туралы тарқатып айтып бердім. Тағы да бір қайталап өтейін: бұл – Тәуелсіздік және Отаншылдық, Бірлік және Ынтымақ, Әділдік және Жауапкершілік, Заң және Тәртіп, Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік, Жасампаздық және Жаңашылдық. Ұлтымыз осы идеялық негіздерді басшылыққа алса, болжаусыз және қарқынды дамып келе жатқан ХХІ ғасырда лайықты орнын табады.



Ерлан ҚОШАНОВ,
Мәжіліс төрағасы:

ТАҢДАҒАН ЖОЛЫМЫЗДЫ СИПАТТАП БЕРДІ

– Алдыңғы жылы ұлт ұясы – Ұлытауда бастау алып, былтыр киелі Түркістанда жанданған ата дәстүріміз тамыры терең Атырау өлкесінде жалғасын тапты. Ұлттық құрылтай – ұлт болашағына қатысты маңызды мәселелерді талқылап, шешім іздейтін бірегей алаң. Кезінде хандарымыз бен билеріміз бас қосқан келелі кеңестерде тұтас елдің тағдыры шешілген. Бұл жолғы құрылтайымызда да ел ертеңіне қатысты салиқалы пікірлер айтылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев идеологиялық, рухани бағыт-бағдарымызды айқындап, жалпыұлттық құндылықтар төңірегінде өз ойын, пайымын ортаға салды. Мемлекетіміздің ертеңі не болмақ? Елімізді жаһандық сын-қатерден алып шығудың, тұрақты дамудың жолдары қандай? Міне, осы сұрақтарға Президентіміз нақты жауап берді.

Әрине, тіл, дін, тарих пен мәдениет, салт-дәстүр – әр ұлттың басты байлығы. Сөз жоқ, біздің де тамырымыз тереңде жатыр. Сан ғасырлық шежіреміз тасқа қашалған. Өшкенімізді тірілту, өткенімізді жаңғырту – бабалар алдындағы перзенттік парызымыз. Мемлекет басшысы осыған ерекше назар аударды.

Қазақтың түп тамыры сонау сақ-ғұндардан басталады десек, бертіндегі Жошы ұлысы мен оның заңды мұрагері саналатын Қазақ хандығының да тарихымыздан ойып алар орны бөлек. Президент болашаққа сеніммен қадам басу үшін төл тарихымыздың ауқымы кең екенін толық сезініп, мәдени мұрамызды сақтап, оны дәріптеуіміз қажет екенін атап өтті.

Кезекті құрылтайдың отырысы да сол Жошы ұлысының 800 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келіп отыр. Мемлекет басшысы мұндай мерейлі даталарды құр той тойлау емес, тағылымды етіп өткізуге, құнды зерттеулер жүргізуге арнауға шақырды. Осы орайда Қазақстанның жеті томдық жаңа академиялық тарихын жазу үшін нақты жұмыс жүргізіліп жатқанын атап өту керек.

Президент Тәуелсіздік, Республика,

Бірлік мемлекеттілігіміздің мызғымас тұғыры екенін дөп басып айтты. Біз бұл ұғымдарға ерекше мән беруіміз керек. Әр азаматтың жүрегіне ұялайтын басты құндылығымыз да осы. Оны көздің қарашығындай сақтаймыз десек, мықты ұлт, іргелі мемлекет құруға күш салуымыз қажет.

Елдің мәдени дамуына, рухани кемелденуіне баса назар аударған жөн. Мемлекет басшысы бұған да кеңірек тоқталды. Осы орайда зиялы қауым өкілдеріне зор жауапкершілік жүктеліп отыр. Қазір жеке бастың қамын ойлайтын заман емес. Ел мүддесі бәрінен биік. Сондықтан тұғырлы тұлғаларымыздың басын біріктіріп, ортақ мақсатқа, ел игілігіне қызмет етуге шақырды. Аталарымыз «Бөлінгенді бөрі жейді» деген. Біздің басты күшіміз – бірлікте. Оны зиялы қауым өкілдері де, әрбір азамат та естен шығармауға тиіс.

Ұлттық бірегейлігімізді нығайту – негізгі мәселе. Бұл орайда Мемлекет басшысы ұлтымыздың салтында жоқ киім үлгілерінен аулақ болу керек екенін айтты.

«Халқымыздың дүниетанымында қара киініп жүру деген атымен болмаған. Бұл – еліктеушіліктен, әсіредіншілдіктен туған үрдіс. Біз салт-дәстүрімізден ажырамауымыз керек. Балаларымыздың сан мыңжылдық діни ілімі мен рухани бағдарына арқа сүйеуіміз керек. Еліміздің рухани дербестігін сақтап, оны нығайта түсеміз десек, түркі халықтарының көпшілігінің, соның ішінде қазақтардың дәстүрлі діні – сунниттік бағыттағы ханафи мазһабына ден қоюымыз қажет» деді Мемлекет басшысы.

Президент дәстүрлі отбасы құндылығын табанды түрде орнықтыра беруге үндеді. Біз мәдени коддымызды сақтап, бабалар жолымен жүруге тиіспіз. Бұл жаһандану заманындағы қауіпті кеселдерге төтеп беруге септігін тигізері сөзсіз. Ол қандай қатерлер? Есірткі саудасы, жастар арасында «вейптің» таралуы, лудомания, тұрмыстағы зорлық-зомбылық, буллинг пен агрессия, вандализм қоғамның дерті-

не айналды. Бұл кеселдермен кешенді күрес басталып та кетті. Олар бойынша Президенттің нақты тапсырмалары бар. Қазір Парламентте вейпті елге әкелген, оны өндірген және таратқан адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тартуды көздейтін заң жобасы қаралып жатыр. Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күресу үшін кешенді жоспар қабылданды.

Үкімет лудоманиямен күреске қатысты дәл сондай жоспар қабылдауы керек. Құмарпаздыққа заң жүзінде шектеу қою үшін Аманат партиясы фракциясының бастамасымен тиісті заң жобасы әзірленді. Президент оны осы сессияның соңына дейін қабылдауды тапсырды. Тұрмыстағы зорлық-зомбылық, буллинг пен агрессия, вандализм бойынша да үлкен қадамдар жасалып жатыр. Ең бастысы, Президент айтқандай, елімізде заң мен тәртіп қатаң сақталып, қоғамда заң үстемдігі салтанат құруы қажет.

Мейірімді әрі мәдениетті ұрпақ тәрбиелеудің кілті неде? Әрине, тәрбиеде деп ойлаймын. Ол үшін өскелең ұрпақтың бойына адами құндылықтар мен қасиеттерді сіңіруіміз қажет. Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттың жаңа келбетін айқындайтын сол негізгі құндылықтарды да атап өтті. Ол – тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік және ынтымақ, әділдік және жауапкершілік, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, жасампаздық және жаңашылдық.

«Әр азамат Отанға деген сүйіспеншілігін сөзбен ғана емес, нақты іспен көрсетуі қажет. Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін терең сезініп, оны бағалай білуі керек. Біз біртұтас ұлт және халықаралық қауымдастықтың жауапты мүшесі ретінде ұлттық мүддемізді, егемендігіміз бен тәуелсіздігімізді қорғауға әрдайым дайын болуымыз қажет» деді Президент.

Мемлекет басшысы ұсынған «Адал азамат» ұғымы мұның бәрін түгел қамтиды. Сонымен бірге Әділетті Қазақстан идеясымен үндесіп жатыр. Сондықтан бірауыз оны дәріптеуге атсалысуға тиіспіз. Ең бастысы, бұл құндылықтардың барлығы біздің төл тарихымызға, мәдениетімізге, болашақ ұмтылысымызға негізделген. Қорыта айтқанда, Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің болашақ бейнесін «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үшатадан ұғым арқылы сипаттап берді. Біздің беттеген бағытымыз да, тандаған жолымыз да осы. Осы жолда баршаңызды Мемлекет басшысының маңайына топтасып, жұмыла қызмет атқаруға шақырамын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Ерлан ҚАРИН,
Мемлекеттік кеңесші:

ҰСТАНЫМДЫ АЙҚЫНДАЙТЫН АЛАҢ



– Жалпыұлттық құрылтай – қоғамымыздың ерекше бір саласы. Ол сан алуан топтарды білдіреді: зиялы қауым, бизнес, құқық қорғаушылар, азаматтық белсенділер, сарапшылар және т. б. Сондықтан Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтай ел дамуының өзекті мәселелері бойынша өз ұстанымын айқындайтын тағы бір үлкен алаңға айналды.

Президенттің сөзін Ұлттық құрылтайдың жұмыс секциялары мен пленарлық отырысында айтылған пікірталастарға, идеяларға, бастамаларға жедел, жүйелі жауап беру және кері байланыс орнатудың тиімді құралы деп санауға болады. Сондықтан да ол осындай кең ауқымды мәселелер бойынша ұстанымын айқындап берді. Сөйкесінше, Мемлекет басшысының Атыраудағы сөзіне жұртшылық тарапынан да көптеген жауап айтылды – әркім өз мүддесі мен өтінішін жеткізді.

Біріншіден, Атырауда төрт ауқымды инфрақұрылымдық кешеннің іске қосылғаны жарияланды. Тұрғын үй құрылысының жаңа бағдарымен аудан орталықтарының тұрғындарын, халықтың әлеуметтік осал санаттары үшін мөлшерлемесі 7 пайыздан аспайтын тұрғын үй бағдарламасын іске қосу туралы тапсырма берілген болатын. Сонымен қатар Үкіметке Мемлекет басшысының бастамасымен сатып алу құқығымен берілетін жалға берілетін тұрғын үй көлемін айтарлықтай арттыру қажет. Сондай-ақ тәуелсіз Қазақстан

тарихындағы рекордтық көрсеткішке айналатын жөндеу-құрылыс жұмыстарымен кемінде 12 мың шақырым жолды қамту міндеті қойылды. Елдегі азаматтардың өмір сүру сапасы мен қоршаған ортаның жағдайын жақсарту үшін кемінде 1700 шақырым газ желісін жаңғыртудың да маңызы зор. Бұл бастамалар биыл отандық кәсіпорындарды барынша тарту арқылы жүзеге асады деп жоспарланып отыр.

Екіншіден, Президент ашық, нарықтық экономиканы құру, жеделдетілген цифрландыру, жасанды интеллекттің дамыту, транзит-көлік әлеуетін нығайту, жөндеу-құрылыс жұмыстарымен кемінде 12 мың шақырым жолды қамту міндеті қойылды. Елдегі азаматтардың өмір сүру сапасы мен қоршаған ортаның жағдайын жақсарту үшін кемінде 1700 шақырым газ желісін жаңғыртудың да маңызы зор. Бұл бастамалар биыл отандық кәсіпорындарды барынша тарту арқылы жүзеге асады деп жоспарланып отыр.

Үшіншіден, Мемлекет басшысы Атырау облысына қатысты мәселелерге арнайы тоқталған болатын. Ол өңірдегі бірқатар инфрақұрылымдық, әлеуметтік, экологиялық мәселені шешуге нақты тапсырмалар беріп, бүкіл аймақтың күн тәртібін толық бақылауда ұстайтынын баса айтты. Жалпы, Атырауда сөйлеген сөзінде экономика, азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту, өңірлерді кешенді дамыту мәселелері Мемлекет басшысының тұрақты назарында екенін аңғартты.



Бибігүл ЖЕКСЕНБАЙ,
Сенат депутаты, Ұлттық құрылтай
төрағасының орынбасары:

ЫНТЫМАҒЫ ЖАРАСҚАН ЕЛ ҰТЫЛМАЙДЫ

– Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысы тек мұнайға ғана бай емес, тарихи тамыры терең өлке – Атырауда өтуінің маңызы зор. Әлем тарихында ойып орын алған Алтын Орданың астанасы – Сарайшық қаласында атақты хандарымыз ордасын тіккен. Дүниенің төрт бұрышына өркениеттің жібін тартқан киелі мекен.

Әрине, Рамазан айы, жыл басы – Наурыз мерекесімен тұспа-тұс келген Ұлттық құрылтайдың Атыраудағы алқалы жиынындағы әңгіме де кесек-кесек, қозғалған мәселелер де келелі болды. Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыратын құндылықтар тізбесі айқындалды. Президент ең алдымен елдігіміздің діңгегі – халықтың береке-бірлігін сақтаудың маңызына тоқталды. Ынтымағы жарасқан, ортақ мақсатқа ұйысқан ұлт ешқашан ұтылмайды, ештеңеден құр қалмайды. Бұл істе зиялы қауым айрықша рөл атқарады. Әсіресе елге сөзі өтетін аға буынның орны бөлек. Олар – қазақтың қаймағы, ұлттың мақтаншысы.

Мемлекет басшысы: «Өспейтін елдің баласы өнбейтін дауды қуады» деп бекер айтпаған. Өткен іс өтті, енді оны ешкім өзгерте алмайды. Уақыт ең әділ төреші екенін ұмытпайық» деп халыққа бітпейтін дау мен айқайдан гөрі, мызғымас ынтымақ пен бірлік керек екенін қадап айтты. Халықтың сөзі мен ісі бір жерден шығуы керектігін тілге тиек етті. Арбаның алдыңғы аяғы қайда жүрсе, артқы аяғы да сонда жүреді демекші, бұл ретте аға буын қадамына сақ болуы тиіс. Қасым-Жомарт Тоқаев жеке мүддесінен ел мүддесін жоғары қойған деп Әбіш Кекілбайұлын атап өтті. Ұлттық құрылтай мүшесі, ҚР Еңбек Ері Лия Жақанов та мемлекетшіл әрі зиялы қауымның ішіндегі белделі азамат екенін айта отырып, ел мен қоғам болып осындай кемеңгер тұлғаларды құрметтеп, олардың өмірін дәріптеу керектігін айтты.

Мемлекеттік тіл туралы: «Ешкімді мәжбүрлемей, күнделікті өмірдегі қажеттілікті арттыру арқылы тіліміздің тұғырын нығайта береміз. Мемлекеттік тілге қатысты құр сөзден ештеңе шықпайды. Ең бастысы, нақты іс болуы керек» деді Президент. Иә, еліміз зайырлылықты алға қойып отырған соң, ешкімнің құқығын таптай алмаймыз. Президент айтқандай, сөзден іске көшетін уақыт

жетті. Президент «Қазақ тілі қоғамы» туралы атап өтті. Естеріңізде болса, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы қорға өзі қолдау ретінде жеке шотынан ақша аударған болатын. Экономиканы дамытуда креативті индустрияның рөлі маңызды. Қазақ тілін дамыту үшін ХХІ ғасырдың жаңа тетіктерін оңтайлы қолданған дұрыс.

Кітапхана – мемлекеттің, ұлттың негізгі жады. Еліміз үшін құнды тарихи деректер мен материалдардың дені кітапханада сақталады. Сондықтан кітапхана ісін дамытуға бей-жай қарауға болмайды. Президент тапсырмасымен жақын арада тәулік бойы жұмыс істейтін кітапхана ашылады. Бұл дегеніміз – ізденемін, оқимын, білемін деген жастарға үлкен мүмкіндік.

Жаңа мүмкіндік. Былтыр Қазақстан ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар комитетіне мүше болып сайланды. Мұндай мүмкіндікті ұтымды пайдалануымыз керек. Алтынмел және Барсакелмес ЮНЕСКО мұралары тізіміне енді. Рухани маңызы бар жұмысты жалғастыру қажет. Бұл жердегі жаңа мүмкіндіктің басты мұрасы – жерасты мешіттері. Батыс аймақта осындай 20-дан астам мешіт бар. Нысандар бір-бірінен өзгеше. Мұның өзі еліміздің рухани кеңістігінде ерекше дәстүрлер болғанын және тамыры тереңде жатқанын көрсетеді.

Ұлыстың ұлы күнін бүкіл ел болып жаңаша атап өтеміз. Жақында осыған байланысты арнайы тұжырымдама қабылданды. Міндетіміз – әз-Наурыздың мәртебесін көтеріп, мазмұнын байыта түсу. Мысалы, Көрісу күнінен басталатын мейрам кезінде әр күннің өз атауы болады. Соның бірі – Ұлттық киім күні. Басқа жұрт қазақты киімінен танитын болуы керек.

«Елімізде қыз алып қашуды ұлттық дәстүр санап, ел ішінде дәріптегісі келетіндер бар. Бұл – мүлдем ақтауға болмайтын заңсыздық, қараңғылық, тіпті, масқара тірлік. Өркениетті қоғамда әр азаматтың абыройы, құқығы және бостандығы баға жетпес құндылық болуы керек. «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар». Ата жолын сақтаймыз десек, ғасырлар бойы бабаларымыз ұстанған асыл дінімізді сақтайық.

Ұлттық бірегейлігіміз мемлекеттік рәміздерде айқын көрініс тапқан. Мен былтыр аймақтардың нышанын, яғни

символикасын жүйелеп, бірыңғай стандартқа келтіру қажеттігін айттым. Елтаңбамызға қатысты сыни пікірлер айтылып қалады. Оны кеңес заманындағы гербке ұқсатып жатады. Тым эклектикалық, күрделі дейді. Мұндай ойды ел ісіне бей-жай қарамайтын белсенді азаматтар ғана емес, мамандар да айтып жүр. Орынды пайымдар ескерусіз қалмауы керек.

Біз нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күресу үшін кешенді жоспар қабылдадық. Үкімет лудоманиямен күреске қатысты дәл сондай жоспар қабылдауы керек. Біз жастардың құмар ойынға салынып, арзан табысқа ұмтылуына жол бермеуіміз керек. Адал еңбекпен тапқан табыс қана берекелі болады».

Мемлекет басшысы ысырапшылық мәселесіне де тоқталды. Елімізде үнемшілдік дәстүрінің жоғы да түйткіл. Суды үнемдеу – Қазақстан үшін аса маңызды мәселе. Қоғамға қауіпті кеселдермен күресуге зиялы қауым, бұқаралық ақпарат құралдары, үкіметтік емес ұйымдар – барлығы бір кісідей жұмылуы керек.

Үкіметтің тұрақты назарын талап ететін тағы бір мәселе – бюджетті үнемдеу. Қазір бюджеттің кірісі мен шығысы қарастырылуда, бұл жерде қаржыны ысырап етуге болмайды, бұл анық. Мемлекеттік органдардың бюджеті тексеріліп, қатаң бақылауда болуы керек. Ақшаны тек ең тиімді, аса қажетті жобаларды жүзеге асыруға және ең өзекті мәселелерді шешуге жұмсау қажет.

Ұлттық буржуазия туралы. Біз кәсіпкерлікті дамытуға және еліміздің ашық, нарықтық экономиканың маңызды өңірлік полюсі ретінде дәйекті түрде орнығуына ерекше көңіл бөлеміз. Бұл ретте басты рөлді ұлттық буржуазияны орнықтыруға шақырамыз. Меніңше, буржуазия этникалық тегі бойынша емес, оның өкілдерінің азаматтық санасының дәрежесі бойынша ұлттық деңгейге көтеріледі. Бізге қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінетін, елдің дамуына елеулі үлес қосатын ұлттық буржуазия керек.

Президент: «Шын мәнінде, мұндай алқалы жиындарды аймақтарда өткізудің мән-маңызы зор. Сол арқылы облыстардың дамуына тың серпін береміз. Осы үрдіс алдағы уақытта да жалғасын табады. Әйгілі Қасым хан – Сарайшықта, Абылай хан Бұрабайда ордасын тіккені белгілі. Есілдің бойында – Кенесары хан мемлекеттігімізді сақтап қалу үшін талай жорыққа шыққан. Бұл аймақ төл шежіремізде айрықша орын алады» деді. Олай болса Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысын Көкшетауда өткізу жөніндегі ұсынысын көпшілік үлкен қошеметпен қабыл алды.

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ

АТЫРАУ, 2024 ЖЫЛ

“”

Біз халқымыздың рухани негізін құрметтей отырып, мемлекетіміздің зайырлы ел ретіндегі мәртебесін күшейте түсуіміз керек. Қазақстан өзінің мемлекеттілігіне және қоғамдық моралына қайшы келмейтін діни наным-сенімдердің, түрлі танымдар мен ілімдердің бәріне түсіністікпен қарайды. Бірақ біз батыстың, я болмаса басқа да көзқарас иелерінің ықпалымен төл мәдениетімізге жат әрі әлемнің дуалистік негізіне кереғар құндылықтарды насихаттаушылардың жетегіне еріп кете алмаймыз, кетпейміз де!

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті

Ерлан ДӘКЕНОВ,
Астана қаласы
мәслихатының депутаты:

ХАЛЫҚ ПЕН БІЛІК АРАСЫНДАҒЫ КӨПІР



– Ұлттық құрылтай осы жылы тарихи терең, шежірелі Атырау қаласында өтті. Халық пен билік арасындағы көпірге айналған құрылтай мемлекеттік мәселелер талқыланатын ашық алаң десек те болады. Бұл жолы да ел көкейінде жүрген тақырыптар қозғалды.

Әр адамның Конституциялық құқығының сақталуы, заң алдындағы теңдігі, қауіпсіздігі және жеке бас бостандығы қорғалуы тиіс екені айтылды. Қоғамда орын алып жатқан оқиғалар заңның сақталуында олқылықтар бар екенін көрсетеді.

Мемлекет басшысы тіл мәселесіне қатысты да мәлімдеме жасады. Қазақ

тілінің қолдану аясын кеңейту – негізгі мақсатымыздың бірі, алайда мәжбүрлеумен сапалы нәтижеге жете алмаймыз. Сондықтан бұл мәселеде жүйелілік қажет. Оның бір жолы – қазақ тіліндегі кітаптарды көбейту, кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру.

Сонымен қатар Президент Елтаңбамыздың кеңес заманын еске түсіретінін және соған қатысты сыни пікірлердің орын алып жүргенін атап өтті. Бұл мәселе бойынша арнайы комиссия құрылып, ашық байқау арқылы жаңа Елтаңба жобасы жасалатынын жариялады.

– Ашық пікір алаңына айналған Ұлттық құрылтайға мемлекет және қоғам қайраткерлері, Парламент депутаттары, саяси партиялар жетекшілері, зиялы қауым өкілдері, білім-ғылым, өнер-мәдениет майталмандары мүше болды.

Атырауда Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық құрылтайдың кезекті ІІІ отырысының алғашқы күні секциядан басталды.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің модераторлығымен өткен «Білім және ғылым» секциясында сөз сөйлеп, қазақ тілін ғылым тіліне айналдыру, жоғары оқу орындарының студенттерін қазақ тіліндегі төл оқулықтармен қамтамасыз ету үшін республикалық бюджеттен қаржы бөледі қарастыру керектігі туралы пікірімізді жеткізген едік.

Ұлытауда өткен алғашқы отырысынан бастап, сонымен бірге Түркістанда өткен екінші құрылтайда да ұлттық құндылықтарды ұлықтау диалог алаңының басты тақырыптарының өзегіне айналғанын айтқанымыз абзал.

Кешегі Ұлттық құрылтайдың пленарлық отырысында баяндама жасаған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қоғам өмірінде маңызды орын алатын, ұлтты ұйыстырып, бірлікке

Кәрімбек ҚҰРМАНӘЛИЕВ,
Ұлттық құрылтай мүшесі,
Астана қаласы Қоғамдық
кеңесінің мүшесі,
академик



ҚҰНДЫЛЫҚТАР САРАЛАНДЫ

бастайтын жаңа бастамалар көтерді. Жаңа Қазақстанның болашағы мен тәуелсіздігімізді тұғырлы ету мақсатында айтылған айшықты ойларға ойысақ, туған тіл, дін мен діл туралы жарияланған жаңа идеялар көпті толғандырғаны да, ойландырғаны да анық.

«Әр азамат Отанға деген сүйіспеншілігін сөзбен ғана емес, нақты іспен көрсетуі қажет. Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін терең сезініп, оны бағалай білуі керек. Біз әділетті мемлекет пен отаншыл, адал азаматтардың күш-жігерін үйлестіріп жұмылдыру және халқымыздың мәдени кодын үнемі заман талабына сай бейімдеп отыру арқылы ғана ең маңызды міндетімізді орындай аламыз, яғни кастерлі тәуелсіздігімізді сақтап, нығайта түсеміз» деген Мемлекет басшысының сөзін құрылтай мүшелері қолдады.

Біз жақсылыққа жетеміз десек, жағымсыз әдеттерден арылуымыз керектігі, жақсыдан үйреніп, жаманнан жирене білуіміз қажеттігі, шын мәнінде, озық ұлт болу үшін жақсылыққа ұмтылумен қатар, еліміздің өсіп-өркендеуіне кедергі болатын жаман әдет, жағымсыз қылық және қауіпті кеселдер құтылуымыз керектігі қадап айтылды. Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру жолындағы өте маңызды мәселелер күн тәртібіне көтерілді.

Нақты құндылықтарымыз болмаса, даму жолында тың серпіліс жасауымыз және көшбасшы елдер қатарына қосылуымыз неғайбыл екеніне назар аударған ел Президенті жалпыұлттық құндылықтар жүйесін саралап берді. Ендеше Мемлекет басшысының «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» тұжырымдамасын жүзеге асыру жолындағы істерімізде сәттілік серік болсын!

ҰЛТТЫ ҰЙЫТАТЫН ҰСЫНЫСТАР

– Президентіміздің Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында айтқан көптеген тұжырымы ұстаз ретінде өмір бойы шакірт тәрбиелеп келе жатқан менің көңілімнен шықты. Біз қаршадайымыздан ұлттық тәрбие мен тәлімді бойымызға сіңіріп өскен әуыл баласымыз. Перзенттерімізді де «ешкімнің ала жібін аттама, үлкеннің алдын кесіп өтпе» деп тек адалдыққа жеткізіледі. Президент те осыны кейінгі жастардан, қоғамның болашақ көш бастаушыларының бойынан көргісі келеді. Бұл өте дұрыс. Қашанда шынайылық пен адал еңбек қана адамды көздеген мұратқа жеткізетінін өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Сондықтан Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Мен бүгін маңызды идеологиялық тұжырымдарымыз бен негізгі бағыттарымыз туралы тарқатып айтып бердім. Тағы

да бір қайталап өтейін: бұл – Тәуелсіздік және Отаншылдық, Бірлік және Ынтымақ, Әділдік және Жауапкершілік, Заң және Тәртіп, Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік, Жасампаздық және Жаңашылдық. Ұлттымыз осы идеялық негіздерді басшылыққа алса, болжаусыз және қарқынды дамып келе жатқан ХХІ ғасырда лайықты орнын табады. Құзырлы мемлекеттік органдардың бәрі өз жұмысын қайта қарап, осы тұғырнамаға үйлестіруі қажет. Атап айтқанда, Оқу-ағарту министрлігі мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру тәсілдерін жаңартуға тиіс. Сонымен қатар жоғары оқу орындары мен колледждер студенттермен жүргізілетін жұмысқа осы құндылықтарды үйлестіре кіріктіруі керек. Аталған идеалдар Қауылы күштеріміздің әскери-патриоттық іс-шараларына

да арқау болуы қажет» деп атап көрсетті.

Міне, біздің үнемі назарда ұстайтын, ұлтты ұйытатын, көпшіліктің көкейінде жүрген ең маңызды рухани, мәдени мәселелер осы алқалы жиында ортаға салынды. Зиялы қауым өкілдерін жастар тәрбиесіне, жеткіншектердің кемел келешегіне діңгек болар парасат-пайымға, ауызбіршілікке үндейтін аталы сөз айтуға шақырды.

Құрылтай бастамаларының арқасында «Балалар кітапхана-сы» бағдарламасын бекіту және ұсынылатын 1770 кітаптан тұратын көркем әдебиеттер тізімін қалыптастыру сияқты өзекті дүниелердің бары қуантады. Бұл ұрпақ үшін өте қажет. Қазіргі жастарға ең керекті руханият. Өйткені ұлттық тамыр бүгіннен қалыптасып, келер күнге жалғасатын құнды үрдіс болып қалуы керек.



ЖАС ЖҰБАЙЛАР ҚУАНЫШЫ

Шаңырақ күнінде «Бәйтерек» монументінің төрінде елордалықтар жас жұбайларды заңды некесімен, ал отбасы жұптарын «алтын тойымен» құттықтады. Іс-шараны қала әкімдігі Мәдениет және ақпарат министрлігімен және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Астана қаласы бойынша филиалымен бірлесіп ұйымдастырды.

Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен биыл Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша алғаш рет халқымыздың дәстүрлеріне негізделген мереке күндерінің онкүндігі қалыптасқанын айтты.

«Наурызнаманың онкүндігін тойлау 14 наурызда Амал мерекесімен басталды, содан бастап елордада күн сайын түрлі мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізіліп келеді. Бұл іс-шара Шаңырақ күнінде өткізілгенмен, негізінен, отбасы құндылығын нығайтуға бағытталды. Басты мақсат – Қазақстандағы үлкен шаңырақ астында 130-дан астам этностың бейбіт және келісімде өмір

сүруі. Бұл – біздің көпұлтты еліміздің әл-ауқаты мен өркендеуінің кепілі» деді Есет Байкен.

Мерекелік іс-шараға 6 жұп қатысты, олардың 4-еуі – жас жұбайлар. Оларға салтанатты жағдайда неке қию туралы куәлік берілді. Солардың бірі – елордалық жас жұбайлар Тамерлан мен Наргиз Ештаевтар ес білгеннен таныс екенін айтты.

«Біздің ата-анамыз өте жақын байланыста болды, сондықтан біз мектептен бастап бір-бірімізді таныдық. Жақында Тамерланның ұсынысына «иә» деп жауап бердім. АХАТ-қа өтініш бергеннен кейін бізге «Бәйте-

рек» монументінің панорама залында неке қию туралы куәлікті салтанатты түрде тапсыруға қатысты ұсыныс түсті. Біз оған қуана келістік. Біз үшін отбасын құру – бұл өмірде бір рет болатын маңызды оқиға. Менің түсінігімдегі отбасы – бақыт, тыныштық, махаббат, қолдау және өмірдің мәні» деді Наргиз Ештаева.

Мерекелік іс-шараға 55 жылдық мерейтойын атап өтетін ерлі-зайыптылар шақырылды. Олардың бірі – целиноградтық Серік пен Күләм Мәмбетовтер.

«Жұбайым екеуміз көпбалалы отбасында дүниеге келдік. Бала кезімізден бойымызға еңбекке деген

сүйіспеншілік пен білімге деген құштарлықты сіңірді. Сондықтан жұбайым екеуміз жақсы білім алдық және зейнетке шыққанға дейін басшылық лауазымдарда жұмыс істедік. Біз балаларымыздың болашағының жарқын болуына мүмкіндік жасауға тырыстық. Енді олар аяққа нық тұрып, отбасын құрып, бізге алты немере сыйлады. Жұбайыма маған әрдайым қолдау көрсетіп, жан-жақты қамтамасыз еткеніне дән ризамын. Сондай-ақ отбасында бір-біріне кеңістік болу өте маңызды. Жас жұбайларға бақыт, өзара құрмет және бейбіт аспан тілегіміз келеді» деді елорда тұрғыны.

МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ МЕРЕЙІ

Мейрам қарсаңында астаналық интернационалды отбасыға сый-сияпат жасалып, құрмет көрсетілді. Шаңырақ күнінде ұйымдастырылған игілікті іс-шараға қалалық әкімдік ұйытқы болды.

Жалпыұлттық отбасы құндылығы мен кіршіксіз махаббат күні қала әкімдігі өкілдері көпбалалы интернационалды отбасын шаңырақтарындағы тағы бір нәрестенің дүниеге келуімен құттықтап барды.

тұжырымдама бойынша бұл күн отбасы құндылығын дәріптеуге арналған. Бұл күні ерекше отбасын бесінші перзентінің дүниеге келуімен құттықтап келдік. Бұл отбасын ерекше деуіміздің мәні бар.

Міне, біздің мақсатымыз – наурызнаманың онкүндігі аясындағы Шаңырақ күні елордадағы осындай отбасының қуанышын еселей түсіп, тату-тәтті жанұяның бірлігі мен берекесін көпке үлгі ету, – деді Астана қала-

сымыз. Астанада тұрып жатқанымызға 20 жылдай болды. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, Наурыз мерекесін тойлаудың жаңа тұжырымдамасының негізінде 17 наурыз – Шаңырақ, жалпыұлттық отбасы, кіршіксіз махаббат күні деп белгіленген болатын. Елімізде түрлі этнос өкілдері мемлекеттегі саралы саясаттың арқасында тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Түрлі жағдайлар болып жатқан күрделі кезеңде әр адам үшін ең маңыздысы – еліміздің бірлігі, отбасының тыныштығы. Осы негізде ел Президентінің бұл күнге отбасы күні деген мәртебе беруі жақсы бастама деп білемін, – деді Халел Маслов.

Ал оның анасы Күлбике Иманова барлық қазақстандықты келе жатқан Наурыз мерекесімен құттықтап, береке мен бірлік тіледі.

«Өсіп-өнген жеріміз Қазақстанды сыйлаймыз. Перзент өсіріп, ұрпақ жалғастырып жатқан кіндік қанымыз тамған жер. Міне, отбасы қуанышымызбен құттықтап келгендеріңізге алғыс айтамын. Бізді сыйлап, құрмет көрсетіп жатқандарыңызға көп рақмет! Ел аман, жұрт тыныш болсын! Барлық қазақстандықты келе жатқан Ұлыстың ұлы күнімен құттықтаймын!» деді ол.



14 наурыз – Көрісу күні бесінші қызы дүние есігін ашқан Халел Масловтың отбасын Астана қаласы Ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Ләззат Құсайынова және Астана қаласы әкімдігі жанындағы «Қоғамдық келісім» КММ директоры Нұрал Айдашев арнайы барып құттықтап, сый-сияпат табыс етті.

– Наурызнама онкүндігінің төртінші күні – Шаңырақ күні. Жаңаша

Масловтар – көпбалалы интернационалды жанұя және түгел қазақ тілінде сөйлейтін үлгілі отбасы. Отағасы Халел Борисұлының әкесі белорусь ұлтынан болса, анасы – әзербайжан ұлтының қызы. Ал оның жұбайы Дана – қазақ қызы, бесінші сәбиін дүниеге әкеліп отырған ана. Халел Борисұлы – осындай үлгілі отбасының отағасы ғана емес, еліміздегі тарих ғылымдарының дамуына өз үлесін қосып жүрген ғалым.

сы Ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Ләззат Құсайынова.

Бүгінде Астанадағы Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Алаш» ғылыми зерттеу институтының ғылыми қызметкері, бес баланың әкесі Халел Маслов Наурыз мерекесімен тұспа-тұс келіп жатқан отбасы қуанышымен бөлісті.

– Біз Атырау облысы Махамбет ауданы Сарыайшық ауылының тума-

ШАҢЫРАҚ КҮНІ ОТАУ ҚҰРДЫ

Наурызнаманың онкүндігі аясында Шаңырақ күнінде елордалық жас жұбайлардың неке қию рәсімі өтті. Іс-шараны «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы қалалық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімімен бірлесе ұйымдастырды.



Неке қию рәсімінде үлкен кісілер жастарға өздерінің отбасы өмірі туралы айтып, ақыл-кеңесімен бөлісті. Солардың қатарында 77 жастағы Геннадий және Марина Серовтар бірге өтіп жатқан 55 жылдық өмірі туралы айтты.

«Бүгін біз жасарып кеткен сияқтымыз. Некеміздің алғашқы күнін есімізге түсіргендей болдық. Отбасымыздың ұстанымы қандай? Ең бастысы – сенім, сонымен қатар бір-бірін тыңдай және құрметтей білу. Әрине, түсініспеушіліктер де болды. Бірақ одан балалар зардап шекпеуі керек. Бала әкесі мен анасының тәрбиесінде болуы үшін отбасының бүтін болуы маңызды. Себебі отбасы – қоғам әл-ауқатының негізі. Жастарға зор денсаулық, бір-біріне

деген сүйіспеншілік пен құрмет тілеймін!» деді Марина Серова.

Жас жұбайлар Қайрат Рыспаев пен Медина Нұрмағанбетова неке олар үшін өміріндегі жаңа және қызықты кезең екенін атап өтті.

«Керемет эмоцияға бөленіп отырмыз. Қыз бен жігіт болып қол ұстасып жүру бір бөлек, ал отбасын құрғаннан кейінгі жауапкершілік тіптен бөлек. Еліміздегі әрбір отбасының бақытты болуы маңызды, өйткені бұл – еліміздің болашағы. Ал еліміздің дамуы мен өркендеуі үшін жас ұрпақ белгілі бір жауапкершілікке ие. Біз бұған барынша ықпал ететін боламыз, өйткені мемлекетіміздің болашағы бізге де байланысты» деді Медина Нұрмағанбетова.



АНА БАҚЫТЫ

Астанада Шаңырақ күніне орай отбасы құндылығын дәріптеу мақсатында Есіл ауданындағы №2 қалалық ауруханадағы перинаталды орталықта акция өтті. Іс-шарада жас аналарға сәбилердің туу туралы куәлігі табысталды.

Акцияға Есіл ауданының әкімі Дарменияр Қыдырбекұлы және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Астана қаласы бойынша филиалы директорының орынбасары Бауыржан Бектұрсынов қатысты. Оның барысында аудан әкімі жас аналарды құттықтап, оларға туу туралы куәлікті табыс етті.

«Шаңырақ – қазақ халқы үшін киелі ұғым. Оның негізгі мағынасының бірі – отбасы. Ал әрбір отбасы сәбидің құл-

кісінің сыңғырымен бақытты. Мереке күні отбасы құндылығын насихаттауды №2 қалалық ауруханадағы перинаталды орталықтан бастауды жөн көрдік. Міне, осындай қуанышты күні жас аналарды құттықтап, дүние дидарын жаңадан ашқан сәбилердің куәлігін табыс етті» деді Есіл ауданының әкімі Дарменияр Қыдырбекұлы.

Акцияда, сондай-ақ, жас аналарға аудан әкімшілігі атынан сыйлықтар табыс етілді.





ҰЛТТЫҚ КИІМ – ҰЛАҒАТЫҢ

Елордада қалалық Мәдениет басқармасына қарасты 13 мекеменің қатысуымен 18 наурыз – Ұлттық киім күніне орай флешмоб өтті. «Атамекен» Қазақстан картасы» этно-мемориалдық кешенінің алдында өткен шараға 500-ден астам мәдениет қызметкері қатысты.

Қатысушылар Қадыр Мырза Әлидің сөзіне жазылған, «Муз-Арт» тобы орындайтын «Өз елім» әніне алдымен би билеп, соңында қошқармүйіз оюын барлығы бір мезетте бейнеледі. Ұлттық акцияның басы-қасында жүрген Астана қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Жаңабай Мейірманқұловтың сөзінше, сала өкілдерінің дайындығына көп уақыт кетпеген. «Қазақтың ұлттық киімі қазақ мәдениетінің маңызды және

ажырамас атрибуты екені белгілі. Бүгінгі шара ұлттық құндылықты насихаттау, халықтың мәдениетке деген сүйіспеншілік сезімін ояту және отансүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында өтіп жатыр. Алдымен қатысушылар қазақша билеп, ең соңында барлығы қошқар мүйізді бейнеледі. Дайындық барысында қатысушылардың барлығы өнер саласында жүрген адамдар болғандықтан ешқандай қиындық болмады. Бұған дейін әркім өз мекемесінде дайындалса, соңғы 3 күнде

барлығымыз бірге дайындық өткіздік. Бұл жерде 25 жылдық тарихы бар «Наз» мемлекеттік би театры, қаламыздағы алты театр, филармония қызметкерлері және басқа да мәдениет мекемелерінің өкілдері қатысты» дейді Жаңабай Мейірманқұлов. Флешмоб барысында қошқар мүйізді әдемі жасауға «Наз» мемлекеттік би театрының өнерпаздары атсалысқан. «Биыл елімізде Наурыз ерекше тойланып жатыр. Ұлттық киім күніне орай жиналып, өзіміздің

көздің жауын алатын әдемі ұлттық киімімізді көрсеттік. Мұнда ұлттық киімнің жазғы және қысқы түрлері де бар. Осылайша ұлттық киімдерімізді дәріптеп, өсіп келе жатқан жастарға мұра етіп келе жатырмыз. Флешмоб кезінде бүкіл халық білетін, киізге де, киімге де түсетін қошқар мүйізді жасап шығардық» дейді би ансамблінің өкілдері.

Зарина СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ

ӨНЕР ОРДАСЫНДА ТАБЫСТЫ

Астанада екі жарым жыл уақыт ішінде көрермен көңілінен шыққан 17 қойылым қойып, елорда ғана емес, еліміздің мәдени өмірінде өзіндік орнын айшықтап алған өнер ордасы – Музыкалық жас көрермендер театры ерекше іс-шара ұйымдастырды.



Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Қазіргі таңда Астана қаласы әкімдігінің Музыкалық жас көрермендер театрында өмірде де, өнерде де жарасымды жұптар – 14 отбасы жемісті еңбек етіп жатыр. Бұл отбасы иелері – театр мен кино әлемінде көркем бейнелер сомдап жүрген, өнер кеңістігінде өзіндік қолтаңбасы бар жандар. Жас отбасылардың өнегелі өмірін, шығармашылығын дәріптеу мақсатында арнайы «Бақытты шаңырақ иелері» атты іс-шара ұйымдастырылып, мерекелік кездесу барысында қазақтың салт-дәстүрлерінің бірі «Тұсаукесер» рәсімі жасалды. Театрдың белді актері Саламат Мұқашев пен театр қызметкері Айдана Еңгөбайдың ұлы Әли-Ахметтің тұсаукесері тату ұжымның ортасында, Шаңырақ күнінде салтанатты түрде өтті. Ұлттық дәстүрге сай шашу

шашылып, халық айрықша қабылдаған кеш болды. Театрдың директоры, жастардың рухани әкесі Сәхит Маемиров пен жары Нұргүл Сәхит тұсауын кесіп, балапанға ақ жол тіледі. Болашаққа тәй-тәй басқан сәбидің қадамы, өнер иелерінің алғасыз ақ тілегі төңіректі қуанышқа толтырып, әр босағаға аппақ ниетімен кіргелі отырған Наурыз мейрамының шырайын келтірді, айналасын шаттық пен шуаққа бөледі. Жас көрермендер театрындағы отбасы құндылығы дәріптеліп, жастардың кіршіксіз сезімін, мөлдір махаббатын, ұрпақтар сабақтастығын паш еткен бұл іс-шара, шынында да, шаңырақ ұлтымызда киелі ұғым екенін, уығы мен керегесі мықты, шаңырағы биік болса, ұлтымыздың да болашағы жарқын, келешегі кемел боларын байқатты. Өнерде де, өмірде де қол ұстасқан өнер иелері өзге жастарға осылайша үлгі көрсетті, тамаша тосынсы көрсетті.



КИІЗ ҮЙ ТІГІП ҮЙРЕНДІ

Мәдениет және ұлттық дәстүр күнінде Байқоңыр ауданы әкімдігінің бастамасымен «Асыл мұра – киіз үй» атты киіз үй тігу бойынша шеберлік сағаты өткізілді. Ұлттық дәстүрді ұлықтау мақсатында ұйымдастырылған іс-шара елорданың Қошқе Кемеңгерұлы атындағы №49 мектеп-гимназиясы қабырғасында өтті.

Киіз үй – халқымыз үшін қашанда қымбат қазына. Оны жастар арасында насихаттау, тігу, қайта жығу, жинауды үйрету, жасау-жабдығын орнымен қолдана білуге баулу шеберлік сағатының негізгі мақсаты болды. Аталмыш іс-шара осымен екінші мәрте ұйымдастырылып, жалғасын тапты. Шеберлік сағаты барысында этнограф Ақеділ Тойшанұлы оқушыларға киіз үйді тігудің дұрыс техникасы мен ерекшелігін айтты. Киіз үй сүйектерінің дәстүрге сай орналасуы, керегенің жайылуы мен таңғыштарының дұрыс байлануы, сықырлауықтың ақаусыз бекітілуі, шаңырақтың көтерілуі, уықтардың шаншылуы, баулар мен басқұрлардың дұрыс ұсталуы, шилер мен киіздердің жабылуын оқушылар өз көзімен көріп, оларға әр заттың маңызы туралы егжей-тегжейлі түсіндірілді. Киіз үйді тігудің техникасымен танысқан оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын да қойды. Іс-шара соңында оқушылар өнерін ортаға салып, домбырада күй шертіп, мерекелік көңіл күй сыйлады. Солардың бірі – №49



мектеп-гимназияның 8 «Ғ» сынып оқушысы Мақпал Байғазина. «Наурыз мейрамы қарсаңында өткізілген шеберлік сағаты өте қызықты өтті. Киіз үйді дұрыс құрудың куәгері болғанымна қуаныштымын. Мектебіміз

де осындай іс-шаралар жалғасып, жиі өткізілсе деймін. Сәбебі ұлттық құндылықты ұлықтау – әрбіріміздің парызымыз. Мен бүгін қыз тәрбиесіне қатысты жөн-жоралғылар туралы көп ақпарат алдым» деді оқушы.



СУ ТАСҚЫНЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Астанада биыл қар жылдағыдан көп жауды. Осыған байланысты қалада су тасқынына қарсы іс-шаралар белсенді жүргізіліп жатыр.

Елорда әкімі Жеңіс Қасымбектің мәлімдеуінше, өткен жылдың осы кезеңінде бас шаһар аумағынан 3 млн 800 мың текше метр қар шығарылса, биылғы қыс маусымында 6 млн 200 мың текше метрден астам қар шығарылды. Қала аумағын қардан тазарту ісінде іркіліс жоқ.

Қазгидромет болжамы бойынша, наурыз бен сәуір айларында да жауын-шашын мол жауатынын, жалпы, жыл басынан бері жауын-шашын мөлшері нормадан 2 есе көп болғанын айта келе, шаһар басшысы осыған байланысты қалада су тасқынына қарсы іс-шаралар белсенді жүргізіліп жатқанын жеткізген болатын.

– Өткен жылдармен салыстырғанда су тасқыны қаупі бар учаскелердің саны 20-ға дейін азайды. Олар – Алматы ауданындағы 5 учаске, Байқоңырдағы 4 учаске, Нұрадағы 6 учаске, Сарыарқадағы 3 учаске, Есіл ауданындағы 2 учаске. Қазіргі уақытта шамамен 45 мың құма метрден астам арық-науа желісі,

2 мыңға жуық бақылау және жаңбыр қабылдайтын құдық тазартылды, 8 мың құма метрге жуық коллектор жуылды, – деді әкім.

Айтуынша, бүгінгі таңда елордада «Нұра-Есіл» каналы мен «Майбалық» көлі арасында орналасқан каналды қардан тазарту жұмысы, нөсерлі кәріз жүйелеріне заңсыз кірме жолдарды анықтау және т.б. жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Жыл басынан бері Астанада 15,5 мың текше метрге жуық арық-науа желісі, 600-ге жуық бақылау және жаңбыр қабылдау құдығы тазартылып, 160 текше метр коллекторлар және т.б. жуылды. Коммуналдық қызметтер қала аумағынан шамамен 4,3 млн текше метр қар шығарды. Қалада су тасқыны қаупі бар учаскелер саны өткен жылдармен салыстырғанда 20-ға дейін азайып, азаматтық қорғау органдары, коммуналдық қызметтер су тасқынының алдын алу бағытында ауқымды шаралар ұйымдастыруда. Бұл

ретте елді мекендер мен су тасқыны қаупі бар учаскелерге ерекше көңіл бөлініп, ауаларда жиналған қарды уақытылы күреу бақылауға алынды. Су өткізгіш құбырларды тазалау мен нөсер кәрізінің жүйесін салу да қатаң бақылауда.

Сарыарқа ауданында су тасқынына қарсы іс-шаралар 15 ақпанда басталған болатын. Осыған орай, ауалардағы қар жаппай шығарылып, тұрғын алаптардағы арық-науа желілері тазартылуда.

Су тасқынына қарсы іс-шаралар басталғанға дейін алдын алу шаралары бойынша кеңес өткізіліп, комиссия құрылды. Сондай-ақ кешенді іс-шаралар жоспары әзірленді. Аудан әкімі Ералы Бауыржан барлық басқармалар мен коммуналдық кәсіпорындар, Төтенше жағдайлар департаменті басқармаларының қатысуымен өткен жиын барысында тұрғын алаптарды су басудың алдын алу мақсатында былтыр ауданда 19 аумаққа су өткізгіш құбырлар

орнатылып, бетон науалар арқылы қолданыстағы арықтар абаттандырылғанын атап өтті. Бұл бағытта биыл да жұмыс жалғасуда.

Алматы ауданында «Казгидромет» РМК, ПИК қауымдас­тығы, сондай-ақ қалалық басқармалардың қатысуымен су тасқынынан қорғау мәселелері бойынша кеңес өткізілді. Су тасқыны кезеңінде жұмыстардың қауіпсіздігі мен тиімділігін қамтамасыз ету үшін қар шығару және арық-науа желісін тазарту жөніндегі іс-шаралар жоспары мен жұмыс кестесі бекітілді.

Су тасқыны кезеңінде сорғыға 79 бірлік техника, соның ішінде мотопомпалар, АС көліктері, экскаваторлар, МТЗ сорғылары және ПНС пайдаланылады. Аудан аумағындағы қарды шығару және су тасқыны кезеңіне дайындық жұмыстарын жүргізу үшін бүгінде 70-тен астам самосвал мен 300 қап құм дайындалып, 174 мамандандырылған техника, оның ішінде самосвалдар, жүк тиегіштер және автогрейдерлер жұмылдырылды.

Бекітілген кестеге сәйкес қазіргі кезде жеке сектордағы қарды шығару жұмыстары басталды. Тазартылған қардың жалпы көлемі қазірдің өзінде 1 088 284 текше метрді құрайды.

Байқоңыр ауданы бойынша көктемгі су тасқыны кезеңіне дайындық жұмыстары жалғасуда. Бүгінгі таңда су тасқынының алдын алу мақсатында арық-науа желісін тазарту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Іс-шара шеңберінде 112 көше тазартылып, жұмыс барысына 30 бірлік мамандандырылған техника жұмылдырылды. Нәтижесінде шамамен 5000 құма метр арық-науа желісі тазартылды, 500 текше метр аумаққа арнайы қоспа және 1000 қап құм дайындалды.

Сондай-ақ қалалық Төтенше жағдайлар департаменті «Көктем-2024» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуларын өткізді. Оқу-жаттығу шеңберінде барлық 20 су тасқыны қаупі бар учаскелер қамтылды. Онда қаланың бес ауданында қойылған міндеттердің орындалуын үйлестіру үшін шағын штабтар орналастырылды.

АЙЫП ТҰРАҒЫНА ЖЕТКІЗІЛДІ

Қалалық Әділет департаменті Астана қаласы бойынша жеке сот орындаушылар өңірлік палатасымен және Полиция департаментімен бірлесе отырып «Борышкер» рейдтік шарасын өткізуде.



Әділет департаменті баспасөз қызметінің хабарлағанындай, аталған рейдтік шара барысында, 4 наурыздан 14 наурыз аралығында алимент бойынша берешегі бар борышкерлердің автокөліктерін айып тұрағына қою бойынша шаралар қабылданып, нәтижесінде күні бүгінге жалпы сомасы 23 075 219 теңге алимент берешектері бар борышкерлердің 10 автокөлігі ұсталып, айып тұрағына қойылды.

«Жеке сот орындаушылармен аталған автокөліктерді бағалау, сауда-саттыққа шығару жұмыстары жүргізілетін болады. Аталған рейдтік шара бойынша алдағы уақытта да борышкерлердің мүлкінен өндіріп алу бойынша шаралар одан әрі жалғасатын болады» делінген Әділет департаменті таратқан хабарламада.

2024 жылдың басынан бері Әділет департаментінің мемлекеттік сот орындаушыларының әкімшілік хаттамалар негізінде Астана қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған

ауданаралық сотының қаулысымен алимент санаттары бойынша 38 борышкер ҚР ӘҚБтҚ 669-бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылды, оның ішінде 8 борышкер 2-ден 5 тәулікке дейін қамауға алынып, қалғандарына 5 АЕК мөлшерінде айыппұл салынды.

Сонымен қатар, Астана қаласының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының үкімімен алимент төлемдерінен қасақана жалтарған 2 борышкер ҚР ҚК 139-бабы бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылды.

Қалалық Әділет департаменті Астана қаласының жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасымен және «Астана қаласы әкімдігінің Еңбек мобильділігі орталығы» КММ-мен бірлесіп «Бос орындар жәрмеңкесі» іс-шарасын өткізуде. Мұндай іс-шаралар алынған әкімшілік хаттамалар негізінде Астана қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған

Бетті дайындаған Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

ТУБЕРКУЛЕЗГЕ ЖОЛ ЖОҚ!



«Хан Шатыр» сауда-ойын-сауық орталығында «Туберкулезге жол жоқ!» флешмобы өтті. Өкпе ауруының алдын алу айлығы 24 ақпанда басталған болатын.

Акция аясында кез келген адам флюорографиядан тегін өтуге мүмкіндік алды. Ол үшін ғимараттың негізгі кіреберісінде жылжымалы флюорографиялық кабинет жұмыс істеді. Қабылдау сағат 12:00-ден 15:00-ге дейін жүргізілді.

Астана қаласы Фтизиопульмонология орталығының дирек-

торы Анна Цепке медициналық көмекке уақтылы жүгінген жағдайда туберкулезден толық емделуге болатынын атап өтті.

– Біздің елімізде туберкулезді анықтаудың, емдеудің жаңа заманауи әдістері бар. Бірақ оған бейжай қарамау өте маңызды. Адамдар тұрғылықты жері бойынша емханаға баруы керек. Қазір Астанадағы барлық ем-

ханаларда ПТР-әдіспен тексеру қолжетімді, ол екі сағат ішінде гендік деңгейде туберкулездің болуын анықтайды, сондай-ақ келушінің қандай препаратқа сезімталдығы барын, яғни оны қандай дәрі-дәрмектермен емдеген дұрыс екенін анықтап береді. Туберкулезді емдеу стационарлық және амбулаториялық жағдайда да

жүргізіледі. Ауруды емдеудің жалпы мерзімі кем дегенде алты айды құрайды, бірақ әрине, туберкулездің түріне, сезімталдықтың болуына байланысты екі жылға дейін созылуы мүмкін. Бірақ бізде қазірдің өзінде жаңа инновациялық қысқа мерзімді емдеу режимдері бар. Емдеу мемлекеттік тегін медициналық көмектің есебінен мүлдем тегін жүргізіледі, – деді Анна Цепке.

Рентген-зертханашы Ақерке Азмағамбетованың айтуынша,

кез келген адам күнделікті өмірде туберкулездің алдын алу туралы, оның неден өршітінін және қалай таралатынын білген кезде ғана ауруды тоқтатуға болады.

«Бұл біз ұйымдастырған бірінші акция емес, осы іс-шараны әр күз және көктем мезгілдерінде жыл сайын өткізіп келеміз. Бронхит, плеврит, туберкулез, пневмонияны осы жерден анықтауға болады. Шамамен бір апта бұрын біздің жылжымалы кабинамыз

Тельман тұрғындарын сағат 8-ден 12-ге дейін қабылдады, қабылдауға 50-ге жуық адам келді, – деді рентген-зертханашы.

Сауда орталығының ғимаратында туберкулезбен ауырған науқастардың рухани тәжірибелерін бейнелейтін «Дауыс фотосы» фотокөрмесі ұйымдастырылды. Ақпараттық-ағарту жұмыстары мақсатында мұнда балалар үшін викторина өткізіліп, әр қатысушы жүлдеге ие болды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, іс-шараның негізгі мақсаты – туберкулездің алғашқы белгілері туралы, медициналық көмекке уақтылы жүгінудің маңыздылығы, емдеу мен алдын алу шараларының тиімділігі туралы халықты барынша хабардар ету.

Жалпы дәрігерлер Астанада туберкулез бойынша эпидемиологиялық жағдайдың жақсарғаны туралы айтады: сырттанушылық, сондай-ақ ерте диагностика мен емдеу есебінен өлім-жітім айтарлықтай төмендеді.

Дүниежүзілік туберкулезге қарсы күрес күніне орайластырылған айлық 24 наурызға дейін жалғасады.

Қазақ ғылымының біртуар өкілдері, археологтар Әлкей Марғұлан, Әбдіманап Оразбаев та осы Ленинградта маманданған болатын. Сол бір жылдары қазақ археологиясының тамаша шоқжұлдызы бой көтерді, сұрапыл соғысты да, өмірдің басқа қиыншылықтарын да молынан көрген бұл адамдар білім мен ғылым саласындағы жиган-тергендерін туған еліне, оның рухани байлығын көркейтуге арнады. Жоқты бар еткен, көмескіні жарқыратқан, қазақтың әсем Отанының даңқын жалпақ әлемге паш еткен бұл орасан еңбекті жай еңбек емес үлкен ерлік деп айтуға болады. Беғазы мен Ақсу-Аюлы, Бесшатыр мен Есік, Отырар алқабы мен Қаратау ескерткіштері сынды тым әйгілі жәдігерлер, толып жатқан басқадай көне орындар еліміздің тарихында қазір өз орнын алып отыр.

Археология – жағап мамандық. Археологиялық ескерткіш – ешқашан өшпейтін категория. Айрықша маңызды нысандарды былай қойғанда, қарапайымдау ескерткіштердің өзі архив қойнауында сақталады. Бұл археологияның тарих саласындағы өз орнынан шығады. Тарих – адамзат санасынан ажырамай тұратын күш. Болашақты болжау бірен-сарандардың еншісі, көбінде оларды фантаст-жазушылар дейміз. Ал қалған адамдардың барлығы өткеніне үңіледі. Әлкей Марғұлан 1974 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры Евней Букетовпен кездесуінде жастарға арнаған сөзінде «Археология – тарих ғылымдарының төресі» деп баға беріпті. Бұл, әсіресе, Қазақстан тарихына тікелей қатысты айтылса керек.

Оның зиялылығы, қатаңдау әскери мінезі, үлкен де, күрделі өмір жолындағы мінсіз тазалығы. Ғалым ағаның атқарған жұмысының бір айрықша қыры – бұрын беймәлім Қазақстан археологиясының сол кездегі бүкілодақтық, яғни еуразиялық деңгейге тез арада көтерілуінде. Міне, осы тұсты өте дұрыс ба жайлау қажет сияқты. Осындай өрбітсек, 1953 жылы кандидаттық диссертациясында ол қола дәуірінің Оңтүстік Оралға арналған үштік кестесін Орталық Қазақстанға арнап тез арада негіздеп берді. Қазір қола дәуірін зерттеу жаңа деңгейде. Ал бірақ, сол жылдары бұл жергілікті маманның Қазақстанға арналған алғашқы зерттеу жұмысы еді және ол тиісті номенклатуралық деңгейге бағытталды. Қазақстандағы Андронов пен Беғазы мәдениеті алғаш рет үлкен ғылыми ортаның талқысына түсті.

Андронов, Беғазы, сақ тақырыптары кеңестік археология ауқымына тез ене алатын, сонымен қатар, Қазақстанды да тез таныта алатын тақырыптар еді. Бұл «бүкілодақтық», дұрысын айтқанда, еуразиялық ауқымдағы тақырыптар болды. Мынаны ескеру керек, археологияда «жақсы», «нашар» тақырыптар болмайды. Мәселе сол жылдардағы археология ғылымының даму барысындағы «көлемді» тақырыптарда болып отыр. Ол өзі көрініп-ақ тұр. Бүкіл Қазақстанды орап алып жатқан, Қазақстанға жапсарлас Ресей аумағындағы Оңтүстік Орал, Батыс Сібірге кең таралған қола ескерткіштерін, оның ішінде Андронов, Беғазыны зерттеу мен ол материалдарды сөйлетудің өзекті болмауы мүмкін емес еді. Сақ тақырыбы, оның ауқымдылығы мен маңызы да ерекше дәлелді

қажет етпейді, әрине. Бұл – Карпаттан Енисейге, Ордосқа дейінгі аумақты алып жатқан ескерткіштер тақырыбы, еуразиялық скифология деген ғаламат ғылым. Ғалым аға мен оның әріптестерінің сол жылдардағы көтерген мәселелері осындай аумақтарды қамтитын пікірталастар мен талқылар деңгейіне шықты. Қазақстан жерінде осы ескерткіштердің кең таралғандығы белгілі, бұлар өзі – көне Қазақстанның бет-бейнесін беретін басты нышандар. Осы тұрғыдан қарағанда, алғашқы отандық ғалымдарымыздың бұларды аттап кете алмағаны да байқалып отыр. Яғни, табандатып айтқанда, мәселе ол ғалымдардың дәл осы көтеріңкі тақырыптарды таңдап алғанында да емес, оларды биік деңгейде таныта, «сөйле-

мен зерттеуде еңбегі сіңбеген жерін, жігін таба алмаймыз.

Кемал Ақышевты алғаш рет 1987 жылы қыркүйек айында көрдім. Бұл кезде «Алғашқы қауым археологиясы» бөлімінің меңгерушісі еді, мен осы бөлімге жұмысқа қабылдандым. Нақтысын айтсақ, осы бөлімнің құрамында «Алматы жаңа құрылыстар экспедициясы» деген топ болды, жетекшісі Бекен Нұрмұханбетов, осында кірдім. Бұрынғысын тек естіп білем, Кемал Ақышевтың осы жылдары өте жиі араласқан адамдарының бірі Бекен Нұрмұханбетов еді. Мен Бекен төңірегінде көп болдым, осы жағдай арқылы Кемал аға туралы да көп естідім. Ол кісімен жиірек араластырған тағы бір адам – Марал Қалымжанқызы. Және оның дастарханы.

ҚАЗАҚ АРХЕОЛОГИЯСЫНЫҢ АБЫЗЫ

Туғанына биыл 100 жыл толып отырған аса көрнекті қазақ ғалымы Кемал Ақышев – отандық ғылым саласындағы айрықша тұлғаның бірі. Ұлы Отан соғысынан оралысымен археология мамандығын таңдап алған ол осы бағытта көп жылдар жемісті еңбек етті. Тамырын тереңнен тартқан атақты Ленинград археология мектебінің өкілі бола отырып, барша өмірін Қазақстанның көне тарихының құңгірт тұстарын айқындауға арнады.

те» алғанында деп нақтылап қойған дұрыс болар.

Азаматтың белгісі жауапкершілікті сезінуден басталады деген сөз, әрине, шындықтан туған. 1970-жылдары Қазақстан археологиясы суырылып алдыңғы деңгейге шықты. Ал бұл бетбұрыстың негізі айтылып отырған 1950-1960-жылдары қаланған болатын. Қазақстанның қола мәдениеті танымал болды, сақ ескерткіштері кеңінен ашылды. Тас дәуірінің пердесі сырылды. Алғашқы «Археологиялық карта» жарық көрді. Қала мәдениеті бірен-саран сипаттаулардан көлемді, үлкен тақырыпқа айналды. Бұл Отырарға тұтас экспедицияның жасақталуына әкелді. «Алтын адам» Қазақстан ғылымы мен мәдениетін жалпақ әлемге паш етті. Алыс-алыс жұрттармен терезесі тең Қазақстан археология мектебі қалыптасты. Осының барлығын тұтастай алғанда, арасынан археолог Кемал Ақышевтың ұйымдастыру

Біз тұратын жатақхана Кемекең үйімен көршілес. Марал жеңгейдің арқасында ол үйде археологтардың отырыстары жиі өтетін болды.

2000 жылы Кемал Ақышев Астанаға ауысты. Еуразия ұлттық университетінде қазір ширақ жас ғалым Ұлан Үмітқалиев басқарып отырған кафедраның ол тұста атауы басқаша, соған қызметке кірді. Біраздан соң ғылыми-зерттеу орталығы ұйымдастырылды, бүгінде ол ғалым ағаның атындағы Археологиялық институт болды. Марал Хабдулинаның жетекшілігімен Серғазы Сәкенов, Алексей Свиридов сынды бір топ жас маман нәтижелі жұмыс істеп отыр. Олар алғашқы студенттік қазбаларына Кемал ағаға еріп барғанын, сол кісінің ықпалымен мамандық таңдағанын айтуда – бәрі айналып, өз орнына келеді деген осы шығар. Осыған қарап отырсақ, Кемал Ақышевтың өз өмірінің соңғы жылдарында тағы бір аса



бір ұят жағдай орын алды. Бұл Кемал Ақышевтың Ғылым Академиясының корреспондент-мүшелігіне өтпей қалуы еді. Әріптесіміз Мұқтар Қожа Астанада жуырда шыққан жинақта осы оқиғаны дұрыс атап өтіпті. Зейнолла Самашев та осы жайтты қаттылау түрде айтып отыр. Бірақ, орынды. Кемал Ақышев сыртқа ешнәрсе көрсетпегенімен, бұл өзі адамдар әлі де ұмытпайтын тым ыңғайсыз жайт болып еді. Археолог Кемал Ақышевтың жанында ұзақ жылдар бойы көп жүрген адамдардың қатарына мен жатпаймын. Біз келген тұста оның жасы ұлғайған болатын, ал бұл кезде қазақи адамның салтында табиғи мінез бен жүре келе қалыптасқан мінездің қыр-сыры неғұрлым ашылып көріне бастайды. Біраз нәрсені осы тұста пайымдаған шығармыз. Оның нағыз қаталдау кезі ертеректе болған шығар деп ойлаймын және де ол ғылымдағы, қызметтегі қаталдық болар. Оның аяғын көріп қалдық. Басқа тұстарда біз көрген Ақышев онша қатал емес-тін. Аз сөзді, жинақы, пікірін бетке тура айтады, оны көрдік. Жақсы әзілді дұрыс көретін. Бірдеңелерді еске түсіре бермейтін, тек, ол тез айтылатын қызықты, күлдіргі жайттар болса, жөні басқа. Халықтың тағдыры, ұлт деген секілді, көбіне жалған қамқорлыққа бағытталатын әңгімелерді естіген емеспіз. Сол сияқты, біреулерді сыртынан сөз қылғанын да естімедік. Ұзаққа созылатын, арасында бәрі қосылып өлең айтатын оның отырыстары ерекше құбылыс еді. Сол кезде әріптестерінің ортасында, үстелдің басында отыратын ол әлдебір жорық көсеміне, әскери қолбасшыға ұқсап кететін. Мұны Бекен аға, т.б. кіші әріптестері былай шыға, өз орталарында қайталайтын, бірақ, әрине, бәрі ұқсағанымен, Кемал Ақышевтың ролі шыға қоймайтын. Жалпы, кейбір киім кию, жүріп-тұру, тағам түрлерін ұнату сияқтылардан оған кіші әріптестері шамалы еліктейтінін байқаған едім, бірақ, олар өздері оны аңғармайтын. Әскери мінез, қаталдау ұстаным дегеннен шығады. Кемал Ақышевтың өз есімі де осы бейнеге келетін еді. Біз кейде Кемел деп те жазып жүрміз. Расында ғалымның дұрыс аты – Кемал. Осы ат ғалымға Мұстафа Кемал паша

Ататүріктің құрметіне берілген. Мұстафа бұл әулетте бар, ол – археолог Кемал Ақышевтың арғы атасы. Білімді, зиялы осы ортада Азия елдеріндегі атақты, құрметті адамдардың есімдері жиі балаға қойылып отырған. Ал енді тура Кемал есімінің таңдалуы ол туған 1920-жылдардағы Түркиядағы атақты оқиғаларға тікелей байланысты болуы керек. XX ғ. басында қазақ зиялыларының арасында исламшылықпен қатар, түрікшілдік идеялары да кең тарады. Қазақ қана емес, башқұрт, татар оқымыстылары бұған біршама ден қойды. Ал енді Ақышев дүниеге келген 1924 жыл нақты осы Мұстафа Кемал пашаның аты қатты дүрілдеп тұрған кез болатын. Ойраны шыққан Осман империясының орнында әскери басшы Кемал паша жаңа Түрік республикасын құрып жатты. Аса маңызды реформаларды тікелей және қаталдау түрде енгізген оның атағы жалпы түрік әлеміне кеңінен тарады. Түрікшілдікті оқып, біліп отырған зиялы қазақтар бұған ерекше мән беріп, қызыға қадағалап отырды. Міне, осы тұста дүниеге келген Ақышев Кемал өз есімін алды деп ойлаймын. Жалпы, Кемал әлі де сирек кездесетін есім, ал ол кездерде бола да қойған жоқ. Мен шошанда бірде осыны өзіне айтып салып едім, жалт қарады да, «әй, сен осы бәрін білесің» деді. Дұрыс, немесе теріс деген жоқ. Жақтырмағандай болып естілді. Бірақ, ол кісі аталары, жаңұясы жайлы жақ ашпайтын. Ешқашан, ешкімге. Бірде Бесшатырда Бекен, Қожақов Дәулет үшеуіміз бос тұрған қарауыл үйінің бір бөлмесінде жеке отырыс жасадық. Біраздан соң Бекен, ойында ештеңе жоқ, «Ақ сисаға» салды. Біз қосылғамыз жоқ, жарбаңдап, өзімізше көтермелеп отырдық. Өншіміз «Шорманған Мұстафасының атын алған» жерін екінші қайталағанда, көрші бөлмеден Ақышевтың қатқылдау дауысы естілді: «Әй, Беке, осы Мұстафаны қоя тұр!». Жым болдық. Артынша шәйнек, кесені көтеріп тымса атылды.

Кемал Ақышев – өз дәуірінің адамы. Ол дәуір келмеске кеткенін ескерсек, мұндай адамдардың енді болмайтынын да түсіне аламыз. Кемал Ақышев өзінің бүкіл қызметі, болмысы, мінезі, тәртібі жағынан Кеңес дәуірі ғылымының өкілі болды. Оның ар жағында бүркемеленген қазақи табиғатын біреу көре алған шығар, ал біреу көрмеген шығар. Ал енді біреу оны көргісі де келмеген болар. Кішкентай күніндегі қиындықтар, соғыс, әскери тәртіп оған қатты әсер еткен болып та көрінеді, осыдан ба, Кемал Ақышев қалған өмірінде ешкімнен де, ештеңеден де тайсалмай, қорықпай өткен секілді. Жалпы мұндай өмір адам баласына сирек берілетін шығар. Карл Байпақов 2003 жылдың тамызындағы өз сөзінде Ақышев туралы «осыншама істерді тындыру бір адамның өміріне тым көп, бұл екі өмірге жетеді» деді. Беғазы, Бесшатыр, Есіл, Отырар, Есік... Тізім үлкен және ол жорықшы қолбасшының даңқты жеңістерін көзге елестетеді. Эмма Усманова оны археологияның генералы деп атады. Әдемі теңеу. Кемал Ақышев – соншама жетістіктерін көре тұрып, оларға тоймай кеткен ғалым. Мұның бәрі оған аз болып көрінді ме деп ойлаймын.

Арман БЕЙСЕНОВ,
тарих ғылымдарының кандидаты, археолог



“

Карл Байпақов 2003 жылдың тамызындағы өз сөзінде Ақышев туралы «осыншама істерді тындыру бір адамның өміріне тым көп, бұл екі өмірге жетеді» деді. Беғазы, Бесшатыр, Есіл, Отырар, Есік... Тізім үлкен және ол жорықшы қолбасшының даңқты жеңістерін көзге елестетеді



ЕЛІМІЗДЕ СӘБИИНЕ
АЛИМЕНТ ТӨЛЕУДЕН
ЖАЛТАРҒАНДАР САНЫ

1700

ЕЛОРДАДА ӨЗІНІҢ
БАЛАСЫНА АЛИМЕНТ
ТӨЛЕМЕЙ ҚАШЫП
ЖҮРГЕН

418

АДАМҒА ІЗДЕУ
ЖАРИЯЛАНЫПТЫ

РЕСПУБЛИКАМЫЗДА
АЛИМЕНТ
БОЙЫНША ҚАРЫЗ
15 МИЛЛИАРДҚА
ЖАҚЫНДАҒАН

ҚАШҚАНМЕН ҚАРЫЗДАН ҚҰТЫЛМАЙДЫ

АЛИМЕНТ ТӨЛЕМЕЙТІН ӘКЕЛЕР ЖАЙЫ

Өмірге сәбидің келуі – зор қуаныш. Ал енді отбасын құрып алып, дүниеге нәресте келгенде олардың жауапкершілігін сезінбейтін желөкпелердің көбейіп бара жатқаны сол қуанышты су сепкендей басып, қоғамды алаңдатып отыр. Өткен жылы Астана қаласында 72 жұп шаңырақ көтерсе, солардың 28-і айырылысып кеткен. Бұл – қорқынышты дерек. Өйткені олардың көбі осы аралықта перзент сүйіп үлгерген. Қанша еш жазығы жоқ, бейкүнә періштенің тағдыры тәлкекке түскенін ойлауға жүрек дауаламайды.

Таңатар ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

ЗАҢ ҚАТАЛ БОЛҒАНМЕН...

Қазір елордада өзінің белінен шыққан баласына алимент төлемей қашып жүрген 418 адамға іздеу жарияланыпты. Солардың 402-сі – ер адам, 16-сы – әйел адам. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ақпаратына сенсек, елімізде сәбиіне алимент төлеуден жалтарғандар саны 1700-ден асады. Олардың 448-іне жыл басынан бері қылмыстық іс қозғалып, Қылмыстық кодекстің 139-бабына сәйкес, 212-сі қамауға алынса, 198-інің бас бостандығы шектелді. Ал 600-і қоғамдық жұмыстарға жегіліп, 370-іне сот шартты түрде жаза кесті.

Астана қаласының тұрғыны, құрметті ұстаз, оқу-ағарту ісінің үздігі Дәмелі Ешмұратқызының айтуынша, қазір әйелдерінің мойнына отырып алып, «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» күн көріп жүрген араптамақ еркектер азаймай отыр.

«Қазіргі әйелдерге таңғаламын. Жылдар бойы базар жағалап, сауда-саттықпен айналысып, сол жетесіздерді асырап келеді. Біз тұратын көпқабатты үйде осындай бірнеше жағдайды күнделікті көзіміз көріп, куә болып жүрген соң айтып отырмын. Үкіметтің қазір қашқын әкелерге заңды қатайтқаны құба-құп. Перзентін өмірге әкеліп, оларды тірі жетім ететін әкесымақтар ең болмаса солардың көз жасына қалмай, нәпақасын беріп тұрса да тәубе дейтін заманға жеттік. Қасқалдақтың қанындай ғана тиын-тебенін алу үшін жалғыздіктің аналар жылдар бойы жүйкесін жұқартады».

Рас, қарыз алиментшілердің мемлекет жыл сайын тынысын тарылтып келеді. Олардың пәтеріне, көлігі мен жүргізуші куәлігіне дейін бұғаттап, шетелге шыға алмайтындай етіп қойды. Сонда

да алимент төлемейтіндер саны азаймай отыр. Мәселен, 2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылы өз перзентінен безініп, алименттен бой тасалағандар саны үш есе артыпты.

Заңгер Әлима Әйменова күйеуі кетіп қалған жалғыздікті аналардың құқығын қорғаумен бірнеше жылдан бері айналысып келе жатқанын айтады.

«Әрине, алименттен қасақана жалтарушылармен күрес күшейіп келеді. Олар әкімшілік жауапкершілікке тартылып, айыппұл төлейді. Кейбірі 5 тәулікке қамауға алынады. Осындай уақытша жұмысқа орналасып, жылдар бойы жиналып қалған балаларының нәпақасын беріп жатады. Дегенмен қанша үгіт-насихат жүргізілсе де, міз бақпайтын әкелер де бар. Олар Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 139-бабы бойынша балаларын күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеу жөніндегі міндетті орындамағаны үшін 600 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартылды, не 2 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығы шектеледі, не сол мерзімге бас бостандығынан айырылады».

ЖҰМЫСЫ ЖОҚТЫҚ СЕБЕП ЕМЕС

12 жылдан бері балаларына алимент төлеп келе жатқан елорда тұрғыны Тоқсанбай Сейтқасым барлық басымдықтың әйелде екенін айтып, өз ойын бүкпесіз жайып салды.

«Қыз күнінде бәрі жақсы, жаман әйел қайдан шығады?!» демекші, 3 жыл бірге жүріп, сүйіп қосылған әйеліммен 3 перзентіміз дүниеге келген соң айырылысамын деу үш ұйықтасам да түсіме кірмепті. Ұй шаруасын ұршықша иіретін, қолы алтын келіншегім ата-анамды жаратпады. Бөлек тұрғанның өзінде

олардың жүріс-тұрысы, сөйлеген сөзі ұнамады. Сәбилерімді ет жақындарыма жақындатпады. Амал жоқ, екіге айырылуға тура келді. Бәрін тастап, ата-анам кетіп қалдым. Басында балаларыма қаржылай көмегімді аяған жоқпын. 2-3 жылдан кейін әке-шешем бірінен соң бірі дүние салғанда өзім де қиналып қалып, біраз уақыт балаларыма қарайласа алмай қалғаным рас. Міне, сол кезде бұрынғы әйелім сотқа жүгініп, менен алимент өндіріп алды. Сөйтіп, айына 172 мың теңге төлейтін етіп міндеттеп қойды. Менің дүние-мүлкімді, үй-жайымды балаларыма тастап кеткенім, оны әйелімнің сатып жіберіп, басқа үй, машина алғаны ескерілген жоқ. Жұмысым болмай, жағдайым келіспей 2-3 ай төлей алмай қалсам, сот орындаушылары есепшотымды бұғаттап, қарызға кіргізіп, үстеме қосып, зығырымды шығарады. Мен балаларым үшін алимент төлеуден қашпаймын. Алайда менің де екінші отбасым, тірлігім бар. Қысқа жіп күрмеуге келмей жатады» деді.

«Тұрақты табысының бар-жоғына қарамастан, кәмететке толмаған балаларын күтіп-бағу ата-анаға заңмен міндеттеледі. Егер азамат перзенттеріне ерікті түрде қаржылай көмек көрсете алмаса, оны сот мәжбүрлі түрде өндіріп алуға үкім етеді. Айырылысар кезде әйелдің күйеуі жұмыс істемесе, тұрақты табысы болмаса немесе басында басқа да тұрмыстың қиыншылығы болса, одан алимент алынбайды деген сөз емес. Перзенттері 18 жасқа, ал техникалық, кәсіби колледже немесе жоғары оқу орнына түскен жағдайда, 21 жасқа толғанша ай сайын жүйелі түрде төлеп тұруға міндетті. Дәлелді себептер тек алиментші ауыр науқас болған және ірі қаржы қиындығына тап болған кезде (жұмыс істейді, кірісін жасырмайды, алиментін ай сайын төлегісі келеді, бірақ табысы жетпейді) қарастырылуы мүмкін» дейді заңгер Әлима Әйменова.

АМАЛСЫЗДАН МӘЖБҮРЛЕУДЕ

«Негізі, алименттен жалтарғандардың құқығын әлі де шектей түсетін тетікті іске қосқан дұрыс» дейді қоғам белсендісі, заңгер Алина Ерғалиева.

«Мұндай қадамға қоғамды елімізде осы негізде қалыптасқан сүреңсіз статистика итермелейді. Қазір ажырасқан әкелердің 70-75 пайызы балаларына алимент төлемейді. Олардың тең жартысы қашып жүр, іздеу жарияланған. Мәжбүрлеп төлетіп жатқанмен, нақты нәтижеге әлі қол жетпей келеді. Бұл жерде жеке сот орындаушыларының еңбегін атап айту керек. Өндірістегі істің 60-70 пайызы осы сот орындаушылардың күшімен жүзеге асып жатыр. Сондықтан оларға әлі де өкілет бере түскен жөн. Бүгінгі таңда алимент бойынша сот орындаушылар қолында 300 мыңға тарта іс бар екен. Расы керек, барлығын бірдей қамтуға олардың да күші жетіңкіремей жатыр. Соның салдарынан елімізде алимент бойынша қарыз 15 миллиардқа жақындаған. Әсіресе маскүнемдер мен жалақы мөлшерін азайту үшін жұмыс берушімен келісіп, жалған құжат жасататындар бұл салада сәбилер алдындағы осындай ауқымды берешекті қалыптастырып отыр».

Жазықсыз жауатқан бүлдіршіндердің тағдыры кім-кімді де қатты ойландырса керек. Өткен Балалар жылы аясында осындай тас жүрек әкелер мен аналарды (өйткені алименттен жалтарған әйелдер де бар) қоғамнан аластатуға дейін шара қолдану қолға алынды. Айта кетейік, бауыр еті баласынан безген безбүйрек әйелдердің берешегі де 400 миллионға жетіп жығылады екен.

Кейінгі кезде прокуратура органдары бала құқығының қорғалуын қадағалау күш сала бастады. Осындай қадағалау нәтижесінде елордада ғана өз қызмет міндетін тиісінше атқармаған 147 сот орындаушы тәртіптік жазаға тартылыпты. Алдағы уақытта ішкі істер органдары алимент бойынша борышкерлерге қылмыстық іс қозғамаса, бұл жұмыспен прокуратура айналысады. Өткен жылы бас шаһарда баласына ақша төлеуден жалтарған 127 әке 2 жылға дейін бас бостандығынан айырылып, 85 борышкердің жүргізуші куәлігі алынған. 90-нан астам қашқынның көлігі айып тұрағына қойылып, қарызын өтеу үшін аукцион арқылы сатылған. Мәжбүрлі түрде қолға алынған осындай іс-шаралар ғана жауапсыз әкелерді ойландыра бастағандай.

ҚОСЫМША САЛЫҚТЫ НЕГЕ ТӨЛЕЙМІЗ?

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 1 қыркүйектегі Жолдауында және 7 ақпандағы жаңа Үкіметтің отырысында міндетті медициналық сақтандыру жүйесінің тиімсіз жұмысын сынға алып, қолданыстағы медициналық сақтандыру жүйесінде сақтандыру моделі жоқ екенін атап өтті.

«Ақ жол» демпартиясының фракциясы 2022 жылғы 13 сәуірдегі өз сауалында медициналық сақтандыру қоры бойынша проблема көтерді, өйткені салымшылар ӘМСҚ-дағы өз қаражатын бақылай алмайды, ал қор атауындағы «сақтандыру» ұғымы профанацияға айналды.

Сонымен қатар, «Ашық НҚА» порталында табысы 850 мың теңгеден асатын тұлғалар үшін МӘМС жарналарын бес есеге ұлғайту туралы заң жобасы орналастырылды. Олардың дерегі бойынша 2025 жылдан бастап бұл жалдамалы қызметкерлердің жалпы санының 9 пайызын қамтиды және 502 мың адамға қатысты болады. Аталған порталда жобаны онлайн талқылауға бір сағат қана уақыт бөлінді. Бірақ бұл ретте жүздеген азамат бұған қарсы пікір білдірді, ал МӘМС бойынша аударымдарды ұлғайту жөніндегі бастама бизнес өкілдерінде ерекше наразылық туғызды.

Медициналық сақтандырудың қолданыстағы моделі экономиканың барлық қағидатына қайшы келеді, өз денсаулығы үшін дербес жауапкершілікті және емделуге дербес жинақтарды қамтымайды. Адам өз денсаулығына қалай қарайтынына қарамастан төлеуге міндетті болып шығады. Яғни жаман әдеті жоқ, спортпен шұғылданатын және аударымын емдеуге жұмсамайтындар денсаулығына мән бермейтіндер, темекі шегетіндер, ішетіндер және одан үнемі дәрі-дәрмек пен дәрігерге ақша жұмсайтындармен бірдей төлеуі керек.

Қарттарға, мүгедектерге және төтенше жағдайларға қатысты ынтымақты қағидат жұмыс істеуі керек екені түсінікті. Бірақ толыққанды адамдар денсаулығына жауап беруді керек. Ал әрбір жарна төлеушінің өз жарнасын өз бетінше билік етуге құқығы болуға тиіс. Әйтпесе олардың медициналық көмекке жүгінбестен ай сайын қорға төлейтін ақшасы үшінші тұлғалардың медициналық қызметтерін төлеуге кетеді, сонымен қатар қор оны өз қалауы бойынша пайдаланады.

Ақиқатында, бұл – сақтандыру емес, салықтың қосымша түрі. Бірақ салықтарды ашық түрде пайдалану керек, ал МӘМС қорының жұмысы – бұл бір үлкен жұмбақ және түбі жоқ «қара тесік».

Мұндай жағдайларда алдыңғы жүздеген миллиардтың қалай және неге жұмсалғанын түсінбей тұрып, қорға төлемдерді бес есе арттыру – қоғам үшін тым қымбат және бизнеске шамадан тыс жүктеме.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты Мемлекет басшысының медициналық сақтандыру жүйесін реформалауға қатысты тапсырмаларын іске асыру кезінде «Ақ жол» фракциясы келесі ұсынысымызды ескеруді сұрайды:

1. МӘМС төлемдерін арттырудан бас тарту.
2. Медициналық сақтандыру жүйесін монополиясыздандыру, осы салада нарықтық және бәсекелестік тетіктерді енгізу.
3. Азаматтардың сақтандыру ұйымдарындағы шотын ашық және ерікті негізде дербестендіру.
4. Әрбір азаматтың денсаулық жағдайы мен өмір салтына байланысты сақтандыру сыйлықақыларын төлеу сомаларын айқындау әдістемесін әзірлеу.
5. МӘМС сақтандыру және ынтымақтастық бөлімін бөлу.

Ерлан БАРЛЫБАЕВ,
Мәжіліс депутаты



ҚАЙРАН БІЗДІҢ ҚАРЕКЕҢ

Елдік істердің жолында қайраткерлік болмысымен іс атқарып, халықшыл бастамаларға ұйытқы болып, ұлт жүрегінен орын алатын тұлғалар болады. Биыл 90 жылдығы аталып өтіп жатқан Қаратай Тұрысов сондай бірегей тұлғаның бірі еді. 2025 жылы Парламенттің құрылғанына 30 жыл толады. Кәсіби Парламенттің I және II шақырылымында ел сеніміне ие болып, Мәжілістің маңызды салалық комитетіне жетекшілік етті. Осы кезеңде ағаның қамқорлығын көріп, ақыл-кеңесін тыңдаған едік.

Сол жылдары Парламент Мәжілісі, соның ішінде Қаратай ағамыз басқарған Қаржы және бюджет комитеті мүшелерінің алдында орасан зор міндеттер тұрды. Ел басшысы «алдымен экономика, содан кейін саясат» деген қағиданы ұстанды. Соған орай Парламенттің 9 жылда 1 мыңнан астам заң жобасын қарауы және қабылдауы, ол заңдардың 60 пайызы қаржы, бюджет, экономика және шаруашылық қызметтерді заң тұрғысынан реттеуге бағытталғаны – орасан зор еңбектің нақты көрінісі. Мемлекетіміз үшін қажырлы қызмет атқарып, халықтың құрметіне бөленген Қаратай Тұрысов қандай тұлға болды? Замандастары мен әріптестерін қалай сыйлайтын еді? Ендеше өз көзіммен көріп, куә болған оқиғаларды баяндайын.

Бізді еңбек жолымыз табыстырды. Мен Қаратай ағамен 30 жылға жуық таныс болдым. Қарым-қатынасымыз аға-інідей сыйластыққа ұласты. Ол кейінгі толқынға мемлекеттік қызметтің қыр-сырын үйретуге келгенде өз білгенін аямаушы еді. Заң шығару қызметінде де, ғылыми ізденістерімде де өмірлік тәжірибесін көрсете білді. Алғашқы жылдары Мәжіліс депутаттарының көмекшілері болмайтын. Бір жолы еліміздің Тұңғыш Президенті Мәжілістің кезекті отырысына келген кезде, бірнеше депутат мәселе көтерді. Соның ішінде Қаратай Тұрысұлының: «Президент мырза! Уақыт өте келе, жұмыстың көлемі көбейіп, сапалы заң жазып шығаруға, сонымен бірге қоғамдық мәселелермен айналысуға уақытымыз да, шамамыз да қолдың қысқалығынан жетпей жатыр. Көптеген елде депутаттардың көмекшілері бар екенін іссапармен барғанда көріп-біліп жүрміз. Соның ішінде Ресей елі халық қалаулыларының бір емес, бірнеше көмекшісі бар екен. Бізге де көмекшілерді белгілеу мәселесін шешетін мезгіл келген сияқты. Қолдауыңызды өтінеміз» деп тың мәселені тайсалмай қойғанының куәсі болдық. Көп ұзамай Қаратай ағамыздың арқасында қолымыз ұзарып, бізге бір көмекші штатын бөлді. Оларды «мемлекет қызметкері» деген санатқа жатқызды. Бұл жұмысымыздың алға басып, өнімді болуына айтарлықтай септігін тигізді.

Тағы бір оқиға есіме түсіп отыр. Ұмытпасам, 1997 жылдың күз айларында Парламент Мәжілісінің шаруашылық басқармасында жеңіл автокөлік жүргізушілері бір топ болып менің кабинетіме кіріп келді. Жүзі суық, тотығып кеткен. Ішке бүккен ашуы бар екені байқалады. «Неңдей мәсе­ле­мен келдіңдер?» деген сұрағыма олар: «Екі айдың жүзі болды, басшылар қаражат жоқ деп айлығымызды бермей, әуреге салуда. Мойнымызда бірнеше несиеміз бар, пәтер мен балаларымыздың оқуын төлей алмай қарызға баттық. Күнделікті тіршілікке керегімізді сатып ала алмай жүрміз. Сізден көмек сұрай келдік» деді.

«Ау, маған келгендеріңе жол болсын! Қызметімнің қаражат пен бюджетке тікелей қатысы



жоқ. Мен Заңнама комитетінде қызметтемін ғой. Есеп-қисап­пен айналысатын комитетке бармадыңыздар ма?» дедім. Сонда менің сұрағыма олар былай деп жауап қайтарды: «Сіздің бірнеше әріптесіңізге барып, мән-жайды айтып көріп едік. Барлығы да «Қаржы және бюджет комитетін бас­қа­рып отырған Қаратай Тұрысовқа барыңыздар» деп бізді шығарып салды. Сол ағамен сөйлесе алатын адам іздеп едік, бірнеше депутат «Төлеген Қуанышевқа жолығыңыздар, ағамен кездестіріп, жолықтыруды ұйымдастыруы мүмкін» дегеннен кейін сізге ат басын тіреп, көмек сұрай келдік. Біздің мәселемізді шешуге қол ұшын беріңіз. Қаратай ағамен бізді жолықтыру мүмкіндігін қарастыруыңызды өтінеміз» деп қарап тұр. Ал керек болса! Сол сәтте үстелде тұрған телефон құлағын көтеріп, Қаратай ағама хабарластым. Абырой болғанда, аға кабинетінде екен, мән-жайды түсіндірдім. Бірден «маған келіңдер» деп бізді өзінің қабылдау бөлмесіне шақырды. Бірнеше лауазымды адамның қатысуымен жиналыс аяқталған бойда 10 адам боп сау етіп бөлмесіне кіріп бардық. Жайғасып отырған соң, ынталы топтың жетекшісі мәселені айтып, жалақыларын алуына көмек беруін өтінді. Қаратай аға мәселені жан-жақты анықтап алды да, үстел үстіндегі «Кремлевка» деген атаумен танымал телефонның құлағын көтеріп, сол кездегі Қаржы министрі А.Павловқа хабарласты. Ағамыздың саулық сұрасып болғандан кейін Қаратай аға былай деді (осы жерде айтылған ойдың мәнін жоғалтпас үшін диалог орыс тілінде болғандықтан, сол тілде жазып отырмыз): «Александр, я тебе звоню по делу, ты наверное слышал притчу о государственном деятеле Жамбаеве. Так он, поступая в Москву в высшую партийную школу, не совсем удачно сдал экзамены по иностранным языкам. При обсуждении вопроса о его зачислении на учебу, из-за слабого знания иностранного языка, экзаменаторы склонялись к тому, чтобы его не зачислять в число принимаемых слушателей. Тогда и прозвучали его крылатые слова: «Когда

зерно надо – Жамбаев надо, мясо надо – Жамбаев надо. А когда учиться надо, Жамбаев не надо что ли?». После этих слов он был зачислен на учебу. Так вот, когда твой бюджет принимается, депутаты Мажилиса и его сотрудники нужны, а когда платить зарплату, то они не нужны что ли? Ты, давай, из своего резерва выдели деньги ХОЗУ Парламента для выплаты зарплаты работникам» деген Қаратай ағамыздың әмірін естіген Қаржы министрі абдырап қалғанын дауысынан естіп, байқап қалдық. Сол мәселе дереу шешілді. Ертеңіне «қызметкерлердің айлығы толығымен төленді» деген жағымды хабарды естідік. Міне, осы жерде ағамыздың халықшыл қасиеті айқын көрініс тауып отыр.

Сонымен қатар мен үшін тарихи маңызы бар Қаратай ағаға байланысты тағы бір оқиға есіме түсіп тұр. Қазіргі кезде ағамыздың тәуелсіз еліміздің алғашқы жылдары Спорт министрі болғаны туралы замандас азаматтардың біразы білгенмен, жастардың көбі хабарсыз.

1998 жылдың басында Қаратай ағама жолығым: «Дене шынықтыру және спорт туралы» заң жобасын жазсақ қалай болады?» деп едім, менің бетіме бір қарап: «Көптен бері ойланып жүрген көкейімдегі мәселені қозғайың ғой, бағырым. Осы шақырылымда қабылда­тып үлгерер ме екенбіз?» деп өзінің күдігі бар екенін білдіре келе: «Тәуекел! Заң жобасын дайындап жазуды бастаңдар» деді. Қаратай аға осы жұмысты ұйымдастырар алдында бір жағдайды ескергеніміз жөн болатынын айта келіп, маған: «Біздің қатарымызда жоғары дәрежедегі спорт мәселелерін терең білетін Дәулет Тұрлыханов пен спортты ұйымдастыру жағын жақсы меңгерген, кезінде Қарағанды облысының спорт басқармасына басшылық жасаған Валерий Громо­вты қосып, жұмыс тобын құрып, іске кірісіңдер» деді. Өзінің қолдайтынын жеткізді. Сөйтіп, ағамыздың батасын алған соң, заң жобасын жазуға кірісіп кеттік. Қаратай ағамыздың қамшылауымен 1999 жылдың аяғында I шақырылымның соңғы бюро отырысына мемлекеттік тілде жазылған заң жобасын

тапсырдық. Мәжіліс пен Сенат отырыстарында абыроймен қорғап шықтық. Нәтижесінде 1999 жылдың 2 желтоқсанында заңымызға қол қойылды және ол қолданысқа енді.

Заң жобасын жазу, дайындау барысында сын пікірлер де айтылды, соның бірі – «Ой, мына заң жобаларың өміршең емес, қаражат тұрғысынан қолдау жоқ» деген қарсылық. Мұндай уәждерге Қаратай ағамыздың: «Ақша қазіргі уақытта болмағанмен, болашақта спорт саласын дамытуға нақты қаржы бөлінетініне мен сенімдімін» деп айтқан жауабы әлі есімде. Осы мәліметті назарға алып, республика көлемінде тәуелсіз еліміздің бірінші Спорт министрі болған Қаратай Тұрысовтың 90 жылдығына, сондай-ақ «Дене шынықтыру және спорт туралы» заңның 25 жылдығына орай өскелең ұрпаққа таныту мақсатында республика деңгейінде ауқымды іс-шаралар жоспарланып, ұйымдастырылса қандай ғанибет! Сонымен қатар мамандандырылған жоғары оқу орындарында жоғары дәрежедегі спорт және дене шынықтыру мәселелері бойынша ғылыми-практикалық конференциялар өткізілсе орынды болар еді.

Тағы бір есте қалған кездесу сәтін айта кетейін. 2000 жылдың басы. Парламент Мәжілісі I шақырылымы депутаттарының ел Конституциясымен белгіленген заңды жұмыс мерзімі аяқталған шақ еді. Әріптестеріміздің бір бөлігі туып-өскен өңіріне кері қайтуда. Жерлесім әрі Ақтөбе қаласынан сайланған сенатор Боранбай Құсайынов екеуіміз Астана қаласында қалып, елордамыздың өрістеуіне атсалыс­а­мыз деп шештік. Жұмыс жасау мерзімінде бізге берілген пәтерді босатып беруіміз керек. Осы мақсатта депутат болып жүргенде Германия еліне өзім арнайы барып алып келген «Мерседес-190» жеңіл көлігіме екі-үш бума мен чеходанда-рымды тиеп жатыр едім. Кешкі серуенге есік алдына шыққан Қаратай ағам темекісін тартып тұр екен. Әуелі анттарылып, болып жатқан жайтқа ұзақ қарап, содан кейін: «Әй, кімсіңдер?» деген дауысы шыққан бойда ағамның қасына жүгіріп келіп: «Ассалаумағалейкүм, аға! Мен ғой, Төлеген» деп қолымды аман-дасайын деп ұсындым. «Молда бол, Төлеген! Тұқымың өскір, не істеп жатырсың?» деді. «Аға, Білім және ғылым министрлігіне басқарма басшысы болып қызметке қабылдандым, үш бөлмелі пәтер алып, көшіп бара жатырмын» дедім. «Көш көлікті болсын! Осы жасқа келгенше талай көшті көріп едім, бірақ «Мерседеспен» көшкен қазақты бірінші рет көруім» деп Қаратай ағам темекісін тартып, ақ жол тілеп қала берді.

Кейіннен осы оқиға баспасөз бетінде жарияланып, оқыған жолдас-жораларым мені «Әй, «Мерседеспен» көшкен қазақ» деп атап кетті. Қаратай ағамның аузынан шыққан бір сөзі менің мәртебемді өсіріп, мерейімді асқақатты.

Мемлекетіміздің дамуына сіңірген еңбегі, азаматтық қайраткерлігі есте әрдайым сақталады. Оны білетін замандастарының қай-қайсысы да «Қайран біздің Қарекен» деп есімін ардақ тұтады. Міне, осындай асыл азаматтардың есімі ел жадынан өшпейтіні анық. Оның өмір жолы кейінгі толқынға үлгі-өнеге болары сөзсіз.

Төлеген ҚУАНЫШЕВ,
қоғам қайраткері,
Астана қаласы Қоғамдық
кеңесінің мүшесі

Белгілі ғалым, сәкентанушы Тұрсынбек Кәкішев жанына атақты ақын Мұзафар Әлімбаев пен жергілікті журналист, жазушы Мәди Хасеновті ертіп Ақмола, Ерейментау, Сілеті арқылы Атбасарға келеді (суретте). Бұл өткен ғасырдың 80-жылдарының басы еді. Ұмытпасам, елде егін орағының қызу жүріп жатқан кезі, шамасы қыркүйек айы.

ҚАЛАМГЕРЛЕР АҚМОЛА ӨҢІРІНДЕ...



«Сәкен жүріп өткен жолдармен» деген тақырып аясында кездесулер өткізеді. Мен ол кезде Сілеті аудандық партия комитетінің идеология бөлімін басқаратынмын. Келуіне екі күн қалғанда бірінші хатшы Сапарбек Құнанбаев «ол кісілер аудан көлемінде бір тәуліктік болады, соған бағдарлама жасап әкел, сосын бәріміз ақылдасайық» деді. Бағдарламаны ауданның бірнеше қызметкері боп қарап, талқылап, бекіттік. «Мен егін науқанының шаруаларымен айналысамын, сен сол кісілермен бірге бола-сың» деді бірінші хатшы. Ол кісілер айтқан уақытында ат басын аудандық партия комитетіне тіреді. Сапарбек Құнанбайұлы қонақтарға аудан туралы біраз мағлұмат берді. Содан кейін қонақтар мәжіліс залында тұрғындармен кездесу өткізді. Тұрсекең Сәкеннің өмірі туралы тұшымды мағлұматтар берсе, Мұзағаң өлеңдерін оқып, оның ішінде «Маралдым» өлеңінің қалай шыққандығын баяндаса, Мәкең өзінің «Нартәуекел» шығармасы туралы айтып берді. Осыдан кейін жолға шықтық. Бағытымыз – Степногорск қаласы арқылы Қарабұлақ кеңшары. Кеңшар директоры Сәлкен Айтқожинов қарсы алып, шаруашылығы туралы біраз мәлімет беріп, орта мектептің мәжіліс залында ауыл тұрғындарымен кездесу өткізді. Сөздің реті келгенде айта кетейін, осы елді мекенде мектеп директоры болып тұрғанымда жаңа ғимаратты салғызып едім. Ауылдың көркі болып тұр еді. Мұнда Мұзағаң «Естай-Қорлан» поэмасын қалай жазғаны туралы сыр шертті. Бұл туындыны жазуға себепші болған тұлға ағасы Қалижан Бекқожин екен. Мұғалімдер, оқушылар қонақтарға әртүрлі сұрақ қойып, тұшымды жауап алды. Содан кейін шаруашылық басшысының ұсынысымен кеңшардың Қақсал деген бөлімшесіне жол тарттық. Онда бастауыш мектеп меңгерушісі, соғыс ардагері

Нұрлығайым Қойбасовтың үйіне ауылдың біраз ақсақалы жиналыпты. Қазақ дәстүрмен дөңгелек үстел басында әсерлі әңгіме-дүкен құрдық. Негізінен, 20-30-жылдардың ашаршылығы, 37-жылдың зұлматы, соғыс тақырыбы қозғалды. Қонақтар ертеңіне Атбасар өңіріне жол тартты. Ол кезде Атбасар аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы ауыл шаруашылығының білгірі, рухани бай азамат Қасым Тәуенов болатын. Мұзағаңның үйінде қонақта болғанымда Қасекең туралы жылы лебіз айтып, жобасы сол үйде қонақта болғанында ол кісінің бай кітапханасынан Алматының орталық кітапханасында кездеспейтін кітаптардың бар екеніне көзі жетіпті. Сол кездесуде Мұзағаң өзінің жазу кабинетіндегі үлкен қалың сөздік кітабын көрсетті. Ол кітапты жазушы, рухани ағасы Ғабит Мүсірепов мынадай жазумен: «Мұзафар, бұл кітап маған көп жыл қызмет жасады, енді саған қызмет жасасын» деп тапсырыпты. Артынан Мәди ағамызбен кездескенде Мұзағаң мен Тұрсыкең Ақмола облысының біраз ауданындағы жұртшылықпен кездескенде халықтың негізгі бөлігі әдеби кітаптарды оқитыны, біраз мәселеден сауатын атап өтіпті. Бізде ол кісілерге риза болып қалғанбыз. Бүгінде ол кісілер бақилық болды, бірақ ол кісілердің екінші өмірі басталды. Мұзағаң екі томдық шығармаларын маған ұсына отырып, мынадай тілек білдіріп еді: «Хамила қарындасыма, Еркін ініме бақыт, мерей, ұзақ ғұмыр тілеймін!» деп 1984 жылдың 17 шілдесінде жазып қалдырғын еді. Сол ағамыздың тілегі қабыл болып, бақытты ғұмыр кешіп, мерейіміз үстем болып, сексенін сегіріне шығып отырған жағдайымыз бар.

Еркін ДӘУЕШҰЛЫ,
Қазақстан
Журналистер
одағының мүшесі

Ұрпақ тәрбиесі, олардың бойындағы отансүйгіштік, патриоттық сезімді дамытудың ел іргесін берік етудегі маңызы зор. Сондықтан аға буын мен жас буынның арасындағы ұрпақтар сабақтастығын сақтауда көптеген өнегелі істер атқарылады. Бүкіл қажыр мен қайратқа толы өмірін елорданы дамытуға арнап, бүгінде тек егде жастағылардың мәселесін шешіп қана қоймай, өскелең ұрпақтың да тәрбиесін түзеуге атсалысып жүрген Астана қаласы Ардагерлер кеңесінің төрағасы, Астана қаласының құрметті азаматы Сансызбай ЕСІЛОВПЕН осы тақырыптар аясында шағын сұхбат құрдық.

– Еңбек жолыңызды теміржолда қарапайым жол монтерінен бастап, үлкен басшылық қызметтерге дейін көтерілдіңіз. Бүгінде білім мен білігіңізді, мол тәжірибеңізді Ардагерлер кеңесін басқару арқылы халықтың пайдасына жаратып келесіз. Елордада ардагерлердің қандай мәселелері ең өзекті?

– Басты мақсатымыз – қаладағы ардагер зейнеткерлердің құқығын қорғау. Шамамыз келгенше белсенді қарттардың басын біріктіріп, шақырып, мәселелерін шешуді көздеміз. Бүгінде қалада 128 мың зейнеткер бар. Солардың 50 пайызы ғана бізге тіркелген. Соның бәрін біріктіретін 360-тан астам бастауыш ұйым жұмыс істейді. Әлі тағы да бастауыш ұйымдар ашу керек. Өткен жылдары біраз мәселелер көтерілді. Соны шешуге тырыстық. Бірінші мәселе, көпқабатты үйлерде тұратын үлкендер, кейбірі жалғыз қалған, бірқатарының балалары басқа жақта тұрады, кейбірі басқа облыстардан келген. Сондай жалғыздікті қарттарға араласып, құраласып отыратын орта керек деген мәселе айтылды. Ойлана келе сол қарттардың басын біріктіріп қана қоймай, уақытын қызықты, тиімді өткізетін «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығын ашып, жұмысын бастадық. Ең алғашқы орталық елордада «Нұрсая-2» тұрғын үй кешенінен ашылды. Басында өзіміз қаржыландырдық. Сондай орталықтар 4 ауданда бар. Тағы біреуін осы наурызда Нұра ауданында аштық. Қазір жақсы болды, зейнет жасындағы қарттар осы орталықтарға келіп дене шынықтырумен айналысады, ағылшын, қазақ тілдерін үйренеді, би, хор, ән, гимнастика сияқты үйірмелерге қатысады. Дүниеде қартайғанда жалғыз қа-

АРДАГЕРЛЕР ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНЕ АТСАЛЫСАДЫ

лып, араласатын ортаң болмаса сол қиын. Ол жерге емханадан дәрігерлер де шақырылып, зейнеткерлердің денсаулығын бақылауда ұстайды. Екінші мәселе – қазір баланы да, ересектерді де бірдей қарайтын емхананың жалпы практикалық дәрігерлер алдына қарттардың жете алмауы, яғни кезек күтіп отыруға шамасы келмей, кетіп қалуы, содан ауруының асқынуы. Осы мәселені шешу үшін әкімдікпен, денсаулық сақтау басқармасы басшылығымен сөйлесіп, арнайы өтініш ете жүріп, әр емханадан герантологиялық кабинеттер аштырдық.

Мәслихат депутаты Алтыншаш Табулдина осы кабинеттердің жұмысымен таныстырып, оның маңыздылығын басшылыққа жете ұғындырды. Бұл кабинеттердің бүгінде бірі дұрыс, бірі нашар жұмыс істеуде. Ендігі мақсатымыз – зейнеткерлер арасында да бұрынғы мықты дәрігерлер көп, солардың басын қосып, аталған жұмыстарды өзіміз қадағалап, тиісті ұсыныстарымызды беру.

– Кеңес заманынан бастап еңбек етіп, Астана қаласы әкімінің орынбасары, қалалық мәслихаттың және Парламент Мәжілісінің депутаты болып

қызмет атқардыңыз. Қазір сол билікте болған азамат ретінде бүгінгі биліктің қаланың қандай мәселелеріне ерекше назар аударғанын қалайсыз? Немесе қандай мәселелер назардан тыс қалып жатыр?

– Көп нәрсе айтылып, ол мәселелер шешімін тауып та жатыр. Медицина жайын айтпайын. Ардагерлерді сауықтыру мақсатында бұрын Қатаркөлдегі бір санаторийде олар кезекпен екі жылда бір рет барып демалып қайтатын. Бірақ ол жерде барлық ауруға бірдей ем жүргізілмейді. Кейбір ауру түрлері бойынша қосымша дәрігерлер

қажет етіледі. Осыған орай қала әкімі Жеңіс Қасымбектің қолдауымен кеңес құрамындағы зейнеткерлер еліміздегі басқа тағы 4 санаторийге жеңілдікпен барып демалып, ем алып қайтуы үшін қазір сондай демалу, сауықтыру орындары таңдалуда. Ол орталықтардың әрқайсысы әртүрлі аурулар бойынша емдеу-сауықтырумен айналысады. Қариялар бойындағы дертіне қарай солардың біріне барып, емделу ақысының тек 20 пайызын ғана төлейді. Бұған ардагерлер қатты қуанып қалды. Ал мүгедектігі бар адамдар бұрыннан тегін ем алып қайтады.

– Бүгінгі жастарды ғаламтор тәрбиелеп, қолындағы телефоннан көз алмайтын болды. Осы кемшілікті жою үшін не істеуге болады?

– Біз қаладағы түрлі басқарма басшыларымен жағдай сұрасып, ақыл-кеңесімізді айтып отырамыз. Әсіресе, Жастар саясаты басқармасымен тығыз жұмыс жүргізуге тырысамыз. Қазіргі басшысы Самат Ибраев деген жігітпен жолығып, жастар тәрбиесіне біз де қатысайық дедім, өздері де қалада 20 шақты аула клубын ашқан, біраз жұмыстар жүргізіп жатқан жастар ғой. Балалармен кездесулер ұйымдастырған кезде біздің

қатарымыздағы кезінде беделді қызметтер атқарған білімді азаматтарды да шақырып, жастарға ақыл-кеңесімізді айтсақ, әсіресе патриоттық сезімді күшейту, дін мәселесін түсіндіруді жөн көреміз. Қазір жастардың ақ-қарасын ажыратпай жатып, түрлі діни ағымдардың жетегінде кетуі бізді қатты алаңдатады. Негізі кезінде бабаларымыз қабылдаған, өзіміздің ұлттық болмыс, салтымызбен астасып жатқан дін жолы – ең дұрысы. 1990 жылдары жан-жаққа есік ашылып, содан арабтар жастарымызды діни бағытта тегін оқытты да елге қайта жіберді, олар келіп алып жаппай үгіт-насихатты бастады. Бүгін соның зардабын тартып отырмыз. Әрі қарай өршімей тұрғанда осы мәселені қолға алуымыз керек. Бірінші оларды түсініп, діни ағымды қалай ұғып, не қорытып отырғанын анықтап, сосын барып, дұрыс жолды нұсқауымыз керек. Теріс діни ағымдар қазақшылдықты көргісі, мойындағысы келмейді. Осыны жастарға түсіндіру жұмыстарына кіріссек дейміз.

– Қазіргі жастардың бойынан тағы қандай кемшіліктерді байқайсыз?

– Кезінде ауылды жүдетіп алдық. Ауылда баланы ата-ана, сосын сол ауыл тәрбиелейтін. Үлкендер не дейді, ұятқа қаламын ғой деген түсінік басым еді. Сәлем бермей жүгіріп өте шықсақ, ауыл адамдары сыбағамызды беретін. Олардың ұрысқанына да, шертіп жібергеніне де ләм-мим демейтін едік. Қазір қалада адамдар тұрғын үйдің кіреберісінде бір-бірімен амандаспайды. Көршісін де танымайды. Бұзақыларды тыныштандыру үшін полиция шақырады. Біз ауылда милицияны жылына бір рет көретінбіз. Бүгінгі балаларды телефон тәрбиелейді. Оларға өнегелі әңгіме айтатын қарттар азайып, ал көпті көрген ақсақал, әжелерді тыңдайтын құлақ кеміп барады. Біз осы олқылықтың орнын толтыру үшін өзіміздің жоспарымызбен, қала басшылығы және басқа да құзырлы мекемелермен бірлесе жұмыс жүргізіп, ұрпақ тәрбиесін жақсартуға барынша атсалысып кеткіміз келеді.

– Әңгімеңізге рахмет!

Райхан РАХМЕТОВА

ЕҢБЕК АДАМЫ

ЖОЛАУШЫЛАР СЕНІМІН АҚТАҒАН

Қоғамдық көлік тізгіндеу – халықпен үнемі байланыста болуды талап ететін жауапты жұмыс. Арамызда жауапты қызметті абыроймен атқарып, бақытын осы істен тапқан жандар аз емес. Солардың бірі – елорданың №1 автобус паркінің жүргізушісі Дидар Молдабаев. Он екі жыл ішінде ол Астанадағы қоғамдық көліктің бірталайын басқарды.

Индира
БЕРЖАНОВА

Автобус артынан жанұшыра жүгіретіндерді сабырмен күтіп, ешкімнің көңілін қалдырмай бәрін мінгестіріп алуға дайын Дидар Молдабаев бүгінде №22 бағдардағы автобусты жүргізеді. 37 жастағы кейіпкеріміздің бұл салаға келуі де қызық. Тараз қаласының тумасы елордаға көшпес бұрын жерлес досымен бірге жергілікті автопаркте қызмет етіп жүрді. Алғашқыда кондуктор болып бастаған. Кейін досының ұсынысымен 2013 жылдың наурызында ат басын Астанаға бұрып, бірге тәжірибелік сынақтардан өтіп, №1 автобус паркінің қатарына қабылданады.

«Қоғамдық көлікті тізгіндеуіме отбасым да себепші» деп бастады әңгімесін кейіпкеріміз. Себебі әкесі ұзақ жылдар бойы жүргізуші болған. Оның үстіне туған ағалары да осы

саланы таңдаған екен. Өзінен жасы үлкен Мақсат пен Медет Молдабаевтар да – елордалық автобус жүргізушілері. Бірі №73 бағдарды жүргізсе, екіншісі №61 маршрутты тізгіндейді. Әке мен аға жолын қуған Дидар Молдабаев үшін өзі үлкен, іші кең қоғамдық көліктің ролінде отыру өмірлік мақсатына айналады. Жұмысқа енді кіріскен 25 жасар жас жігіт әуелі 1998 жылғы автобустың бірін тізгіндеді. Арада жылдар өтіп, кәсібилігін көрсете білгеннен кейін 2015 жылдың желтоқсанында Iveco Citelis маркалы автобуска ауысып, №9, 23, 10 маршруттың тізгінінде отырады. Тәжірибесі мол жүргізуші бүгінде Yutong автобусын жүргізеді. Осыдан он екі жыл бұрын жұмысқа орналасқан ол әлі күнге дейін автобус кабинасынан ажыраған емес.

Жұмыс кестесі тығыз. Таңғы алтыда автопаркке жетіп, диспетчерден жолдамасын алады, медициналық тексеруден өтіп барып, график бойынша жұмысқа кіріседі. Ең алғашқы рейске алты жарымда шығып, кешкі онға

дейін жұмыс істейді. №22 автобуска күн сайын жүздеген адам отырады. Экипажда осыншама өмір иесін тасымалдаған соң, жүргізуші мойнындағы жауапкершілік орасан. Дидар Молдабаев әр жолаушыны А-нүктесінен Б-нүктесіне дейін аман-есен жеткізу басты міндетім дейді. Басқа салаларда өзін сынап көрген ол «осы қызметім жанымға жақын» дейді.

«Қай қаланың қоғамдық көлігін тізгіндеймін десем, біріншіден, сол қаланы жетік білуің қажет. Астана секілді мегаполистерде қаншама жолаушы бар. Халықпен үнемі байланыста болғаннан кейін түрлі адамдар кезігеді. Бірі рақмет айтып, сәтті күн тілесе, енді бірі шу шығарып, сөзге келуге дайын-ақ тұрады. Мұндайда бастысы, сабырлық таныту керек. Кез келгенге қабақ шытпай, күліп қарасаң, күнің де дәл солай өтеді.

Мен жүретін маршрутта айта кететіні – жол мәселесі бар. Жаңа автобуспен күніне бірнеше мәрте шұңқыр жерлерден өтуге әріне, жаның ашиды. 1,5 миллион аса тұрғыны бар қалада жолақысын төлемейтін адамдар саны да азаймай келеді. Электронды төлем жүйесін кімдер өткізгенін экран арқылы көріп, есептеп, шамамен қаншасының төлегенін біліп отырамын. Мәселен, таңғы кептеліс уақытында қырық адам кірді десек, соның 7-8-і ғана төлеп жатады. Көлікке асыға мінген жолау-



шылардың төлеуге асықпайтыны рас.

Көшеде өзге көлік жүргізушілері тарапынан мәдениетсіз аса байқалмайды, сұранғанда өткізіп жіберетіндер көп, оның үстіне қазір Bus-lane жолағы да өте тиімді. Десе де, асығып-аптығатын жүргізушілер болады. Мұндайда мен жолымды кесіп алдыма шығып алатындарды өткізе беремін. Соларды жөніне жіберіп, 30 секунд жоғалтқаным апатты жағдай тудырғаннан әлдеқайда жақсы» дейді ол.

Өмірлік жолын жолаушы тасымалымен байланыстырған Дидар Молдабаев – екі ұл, екі қыз тәрбиелеп отырған көпбалалы әке. Кез келген саланы алға жылжытатын жастар болса, кейіпкеріміз автобус жүргізушісі боламын дейтін жастар өте сирек кездесетінін айтып қалды. Болашақ мамандарды осы салаға тартып, сүйікті ісін білікті жас буынға тапсыру – ендігі арманы.

МЕКТЕПТЕГІ ҚАУІПСІЗДІК МАҢЫЗДЫ

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі – мемлекеттің аса маңызды міндеттерінің бірі. Осы мақсатта Астана қалалық Білім басқармасы тарапынан кешенді жұмыстар жүргізілуде, бүгінде елордалық білім беру ұйымдары бейнебақылау жүйелерімен 100 % қамтамасыз етілген.

Қазіргі кезде барлық білім беру ұйымдарында қалалар автоматты өрт дабылы жүйесіне қосылған және цифрлық бейнебақылаумен қамтамасыз етілген. Сондай-ақ барлық камералар мен дабыл түймелері Жедел басқару орталығына қосылған.

Сандық бейнебақылаумен қамтамасыз ету 100%-ды құрайды.

Бүгінгі таңда қаланың барлық мектептері деректерді беру жылдамдығы 100 Мбит/с болатын жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етілген.

ТАЛАПТАР САҚТАЛАДЫ

Астананың білім беру ұйымдарында орнатылған камералар «Ұлттық бейнемониторинг жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстанның Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2020 жылғы 27 қазандағы № 69-қе бұйрығының талаптарына сәйкес келеді.

Лицензияланған күзет бойынша барлық білім беру объектілерінде күзетті 1 санатты



лицензиясы бар фирмалар қамтамасыз етеді.

«Күзет қызметі туралы» Заңға енгізілген соңғы өзгерістерге сәйкес, білім беру объектілерінде күзет қызметтерін көрсететін ұйымдардың 1 санаттағы лицензиясы болуы міндетті (міндетті түрде: меншік құқығында радиобайланыстың не радиожиіліктерді жалдау шартының, меншік құқығында кемінде екі мобильді топтың, қызметтік атыс қаруының болуын көздейтін өзгерістер енгізілді).

Бұдан басқа білім беру ұйымдарының барлық объектілерінде (мектептер, колледждер, қосымша ұйымдар) турниктермен қамтамасыз етілген.

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА

Өрт қауіпсіздігі бойынша бөлінген бюджет қаражаты шең-

берінде 2023-2024 жылдары барлық білім беру ұйымдары өрт сөндіргіштермен қамтамасыз етілді.

2023-2024 оқу жылына арналған өрт қауіпсіздігі және азаматтық қорғау саласындағы оқу-жаттығулар мен жаттығуларды өткізу жоспарына сәйкес барлық білім беру ұйымдарында қалалық Төтенше жағдайлар жөніндегі департаменті мамандарымен бірлесіп, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде қызметкерлер мен оқушылардың іс-әрекеті бойынша жаттығулар (оқыту), сондай-ақ авариялық жағдайлар бойынша жаттығулар уақтылы өткізіледі.

БАСТЫ НАЗАРДА – БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ

Биыл осы мақсатта 2024 жылғы 16 қаңтарда білім басқармасы

мемлекеттік және жеке меншік жалпы орта білім беру ұйымдарының, колледждердің, балабақшалардың және ғимараттардағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қосымша, арнайы білім беру ұйымдарының басшыларымен онлайн-кеңес өткізді.

Кеңеске мемлекеттік және жеке білім беру ұйымдарының, колледждер мен балабақшалардың басшылары, Астана қаласы бойынша Ұлттық қауіпсіздік комитеті департаменті, Астана қаласы ПД экстремизмге қарсы іс-қимыл басқармасы, Астана қаласы мемлекеттік өрт бақылау басқармасы, сондай-ақ Білім басқармасының өкілдері қатысты.

Кеңес барысында Астана қаласы бойынша Ұлттық қауіпсіздік комитеті департаментінің өкілі Владимир Максименко білім беру мекемелерінің терроризмге қарсы қорғалуы және жеке күзет фирмасы бойынша баяндама жасады.

Бұдан басқа, Астана қаласы ПД Экстремизмге қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкері Әмір Маратов білім беру объектілерінің қауіпсіздігі мәселелері, атап айтқанда, бейнебақылау камераларының жұмыс істеуі және оларды ішкі істер департаментінің жедел басқару орталығына қосу туралы және «Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа» сәйкес хабарлап, «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығымен таныстырды.

Мектеп қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында жүйелі шаралар қабылдау жалғасады және ерекше бақылауда.

Елордада білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмыстарының жағдайы қандай? Астана қаласының коммуникациялар қызметінде қалалық білім басқармасы басшысының орынбасары Маржангүл Қайырбаеваның қатысуымен өткен брифингте соның жайы айтылды.

БІЛІМ БЕРУ ТӘРБИЕМЕН ҰШТАСУЫ КЕРЕК



Спикердің дерегінше, бүгінде елордада 12 қосымша білім беру ұйымы, 135 филиал, «Шуақ» БҚКО мектеп базасында 8 Community center жұмыс істейді, оларға баратын балалардың жалпы саны – 213 556 адам. Қосымша біліммен оқушылардың 81,5%-ы, спорт секцияларымен 41,8%-ы қамтылған. Осы мақсатта білім беру ұйымдарында 875 спорт секциясы жұмыс істейді. Астананың білім беру жүйесі тәрбие жұмысына «Біртұтас тәрбие» бірыңғай тәрбие бағдарламасын бағдар етіп ұстайды. Бағдарлама жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде еңбекқор, адал, саналы азаматты тәрбиелеуге бағытталған.

– Тәрбие жұмысы білім беру ұйымдарында «Ұлттық мүдде», «Ар-ұят», «Талап» жобалары арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар «Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени-ағарту жобасының тұжырымдамасы бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бала тәрбиесінде отбасының рөлін нығайту мақсатында барлық білім беру ұйымдарында кабинеттер мен ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары ашылды. Осындай орталықтардың жұмысын тиімді жүргізу үшін елор-

даның 351 педагогы адам дамуының ұлттық институты ұйымдастырған курстардан өтті, – деді спикер.

Осы оқу жылының басынан бастап мектептерде әр айдың соңғы жұмасында өткізілетін «Ашық есік күні» жобасы басталған. Ашық есік күні Q-TALKS форматында 8 бағыт бойынша өткізіледі. «Құндылыққа негізделген білім беру» жобасын енгізу жалғасуда. Бұл жоба ұлттық құндылықтарды оқу процесіне біріктіруге бағытталған. Ақпан айынан бастап ЖОО студенттері арасында «Менің бауырым» еріктілер жобасы іске қосылған. Ол балалардың құқықтарын қолдау мен қорғауға жәрдемдеседі. Бірыңғай тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде де бірқатар жобалар іске асырылады. «Оқу мектебі» жобасы арқылы қала мектептеріндегі кітапханалардың интерьерін қайта жобалау жаңғыртылуда. Кітап пен басының тұжырымдамасы бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бала тәрбиесінде отбасының рөлін нығайту мақсатында барлық білім беру ұйымдарында кабинеттер мен ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары ашылды. Осындай орталықтардың жұмысын тиімді жүргізу үшін елор-

БІЛІКТІ ҰСТАЗ БИГІ



Қазіргі заман мұғалімі шығармашыл, талапшыл, рухани әлемі бай, күш-қайраты мол ұстаз болуы керек. Осындай ұстаздардың бірі – Астана қаласы Қайым Мұхамедханов атындағы №90 гимназияның орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Рупия Кушнязова.

Ол пәндік білім беріп қана қоймай, әр оқушының өмірге деген өзіндік көзқарасын қалыптастыруға барын салып көмектесіп жүр. Ұстаздық жолда жүргеніне – 32 жыл. Осы жолдағы мақсаты – әр баланың бойына өзіне деген сенімділікті ұялату, адами құндылықтарды дарыту, ең негізгісі, адам етіп тәрбиелеп шығару. Рупия Кушбойқызы кез келген баланың тілін таба біледі. Креативті мұғалім, сабақтарында әртүрлі виртуалды білім платформаларын пайдаланып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Сабақтарында оқушылардың оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым дағдыларын дамытуға бар күшін салады.

Рупия Кушбойқызы – педагог-зерттеуші. Ұстаз ретінде үнемі ізденісте жүреді, шығармашылықпен жұмыс істеуге

күштар, өз жұмысында озық іс-тәжірибелерді барынша қамтуға тырысады. Білікті педагогтың бастамасымен 2018 жылы И.Есенберлин атындағы №67 гимназияда «Виртуалды оқыту ортасы. Сандық сауаттылық» эксперименталды алаңы жұмыс жасады. Әсіресе, бұл жұмыс қашықтан оқыту барысында өте маңызды болды. Осы өзекті жұмыс нәтижелерімен педагог 2018 жылы «Педагогикалық идеялар фестивалі» ХІ қалалық конкурсына қатысып, грамотамен марапатталды.

Рупия Кушнязованың білім саласындағы қажырлы еңбегі еленіп, бірнеше марапатқа ие болды. Білім және Ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен, Білім басқармасының Құрмет грамоталарымен және әкімдіктің Алғыс хаттарымен марапатталды.

І. Есенберлин атындағы №67

гимназия қабырғасында 2019 жылдан бастап халықаралық «SHARE» жобасы аясында іс-әрекеттегі зерттеудің негізгі тобында жұмыс істеді. Рупия Кушбойқызы – осы жобаны белсенді іске асырушылардың бірі, жоба аясында зерттеу жұмыстарын жүргізіп, көпшілікке ұсынды. Бүгінгі таңда Қайым Мұхамедханов атындағы №90 гимназияда жүргізіліп жатқан зерттеу жұмыстарының белсенді қатысушысы.

Тәжірибелі педагог сыншы-жолдас ретінде, жас мамандарға ақылшы-тәлімгер ретінде әріптестеріне қолдау көрсетіп, әдістемелік тұрғыда өз көмегін беруден аянбайды. Ұстаздық жолында оның өткізген тренинг, коучинг, семинарларын саусақпен санау тіпті мүмкін емес. Педагог тәлімгерлік жұмыспен айналысып, бірнеше буын жас мамандарды тәрбиелеп, әдістемелік қолдау көрсетіп келеді.

Жаңашылдыққа жаны құмар ұстаз зерттеу жұмыстарын жүргізіп, озық тәжірибесін әріптестерінің назарына ұсынды. «Виртуальная среда обучения. Русский язык и литература. 7 класс» атты авторлық бағдарламасы 2019 жылы республика көлемінде таратылды. «Развитие навыков чтения» тапсырмалары жинағы 2023 жылы қала көлемінде таратылды.

Рупия Кушбойқызы – педагогтар арасында ғана емес, оқушылар арасында ерекше құрметке ие мұғалім. Білікті маман ретінде өз оқушыларын жетістіктерге жетелей біледі. Шәкірттері үнемі, жүйелі түрде сайыстарға, шығармашылық байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр. Әсіресе, дарынды балалармен жұмысы да өз нәтижесін көрсетіп жатыр: жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың ІІ (аудандық) кезеңінің қазақ тілінде оқытатын мектептердегі орыс тілі пәнінен

2014 жылы 8-сынып оқушысы Айзат Аймағанбетова мадақтама алса, 2022 жылы 6-сынып оқушысы Олжас Загипаров ІІІ орынды, 2022 жылы 9-сынып оқушысы Биназир Оралбек ІІІ орынды жеңіп алды. 2023 жылы 9-сынып оқушысы Қаһарман Бақдаулет пен ІІ-сынып оқушысы Пазыл Махаббат мадақтамамен марапатталса, 10-сынып оқушысы Бірлік Гүлназ жарыста оза шауып, ІІ орын иеленді.

Мектепте сыйлы, оқушылары үшін ұлағатты ұстаз Рупия Кушбойқызы – отбасы құндылықтарын ерекше дәріптейтін жан. Жолдасы екеуі 3 қыз тәрбиелеп отыр. Отбасылық ұстанымдары, дәстүрлері қалыптасқан жанұя. Мектепте ұстаз болса, отбасында ардақты ана, сүйікті жар. Қыздарын үлкендерді құрметтеуге, мейірімді болуға тәрбиелеп келеді. Бос уақытында дәмді ас пісіруді, тігін тігуді жақсы көреді, нағыз шебері деуге де болады.

– Білім саласы ғана емес, мені қоғамдағы біраз мәселелер толғандырады. Мені, әсіресе, адамдардың бойындағы рухани кедейлік, оқу-білімге ұмтылудан гөрі «телефономанияға» көп мән беруі қатты мазалайды. Оқушыларға үнемі айтамын, рухани кедейлік бәрінен жаман, одан арылу үшін кітап оқу керектігін, «телефономания» дертіне ұшырамау үшін шынайы өмір мен виртуалды өмір ортасында өмір сүру керектігін үнемі айтып отырамын, – дейді Рупия Кушбойқызы толғана отырып.

«Жеті қырлы, бір сырлы», мінезге бай, үлкен парасат иесі Рупия Кушнязова – қоғамдық жұмыстармен де белсене айналысатын, әрдайым ізденіп, қазіргі заман талабына сай білім беруді көздейтін, алдына қойған мақсатына оқушыларын да, өзін де жетелей білетін жаңашыл ұстаз.

Гүлжанат АБДРАМАНОВА,
Қайым Мұхамедханов атындағы № 90 гимназия директоры

Елімізде Оқу-ағарту министрлігі Президенттік жастар кадрлық резервіне ұқсас білім беру саласындағы өзгерістердің көшбасшыларын іріктеу және даярлау тетігін бекітті, республикалық кадр резервіне алынған кандидаттардың тізімін жариялады. Астана қаласы бойынша 18 кандидат республикалық кадр резервіне алынды. Әрбір үміткер кәсіби құзыреттіліктерінің жоғары деңгейін көрсетті.

Бұл педагогтар құзыреттіліктерін бағалау үшін тестілеуден өтті. Екінші кезеңде – үш деңгейлі оқыту, үшінші кезеңде – елдің жетекші мектептерінде тағылымдамадан өту, төртінші кезеңде – қорытынды бағалау және қорытынды кезеңде министрлік жанындағы комиссиямен әңгімелесу болды.

Республикалық кадр резервіне енгізілген кандидаттарды орта білім беру ұйымдарының бірінші басшыларының бос лауазымда-

рына тағайындау мәселесі қаралуда.

Қазіргі таңда білім беру ұйымдарының басшылары болып төрт үміткер тағайындалды.

№ 14 мектеп-гимназия директоры лауазымына Ғалия Хайлитдинова, №82 «Дарын» мамандандырылған лицейінің директоры лауазымына Айгүл Бейсенбина, №62 мектеп-лицейіне Қайрат Мұқашев тағайындалды. № 13 орта мектептің директоры лауазымына Гүлмира Закирина тағайындалды.

Өйткені бұл жануарлар жыл нышанына ие болған Шығыс күнтізбесінің тарихы әлденеше мыңжылдық тереңде жатыр. Ұмыт болған сырлары, ғылыми негіздері де аз емес. Мәселен, Шығыс күнтізбесі бойынша 60 жыл бір ғасыр болып есептеледі. (Сондықтан алпыстық күнтізбе деп те аталады). 12 жылдың әрқайсысы темір, от, су, ағаш, топтырақ деген 5 түрге бөлінеді. Бұл сол жылдың негізгі бес планетаның қайсына қонақтауына (ұясына) байланысты. 1. Ағаш – Юпитер, Шоңай, Мусин (ла-тынша, қазақша, қытайша), 2. От – Марс, Аңырақай, Хосин, 3. Топтырақ (Жер) – Сатурн, Сан-жар, Тусин, 4. Темір (металл) – Венера, Шолпан, Цзин-син, 5. Су – Меркурий, Болпан, Шуйсин. Олардың әрқайсысының өзіндік қайталанбайтын ерекшелігі бар. (Темір қоян жыл. От қоян жыл) Сөйтіп, бір жыл бес рет қайталанғанда, басқаша айтқанда, 60 жылда цикл ауысады. Әр адамның нақты туған күні де сол 60 жылда бір-ақ рет айналады. Мұны қазір қазақтың жастары түгілі, жасамыстарының өзі онша біле бермейтіні шындық. Өйтсе, Шығыс күнтізбесінің біз үшін ұмыт болған сырлары көп. Біздің Ұлу жылының иесін теңіз құртымен шатастыруымыз да сондайдан болар.

Олай дейтініміз, біз білетін Шығыс елдері ішінде осы алпыстық жыл санау дәстүрін берік ұстанған біз білетін халық – қытайлар мен моңғолдар. Моңғолдар жоғарыдағы теңіз құртын «дун», ұлуды «Луу» деп атайды. (қазақшамен айтылуы бірдей, тек графикаға байланысты жазылуы бөлектеу) Өйтсе, моңғолдардың ұғымында жылға кірген хайуан теңіз құрты емес, мифтік аңыздардағы ұшатын, аузынан от шашатын алып кесіртке – ұлу. Ұлу деген алып хайуанның екінші балама аты екі тілде де – Айдаһар (моңғолша Маңғыс). Ал қытайша, Ұлу жылының аты да, ұлу деген хайуанның да аты – «лүн» қытайлардың өздерін «Айдаһар елі» деп атауы да осыған байланысты.

Орыс тілді басылымдардың өзі ұлу жылын «улитка» емес, «дракон» (қытай күнтізбесімен) деп жазып жүр. Кейбіреулер айдаһар



ҰЛУ ЖЫЛЫ ДЕЙМІЗ. ОЛ ҚАЙ ҰЛУ?

Қазақтың түсінігінде ұлу – теңізде тіршілік ететін жұмсақ денелі омыртқасыз жәндік. Басқаша айтқанда, құрттың бір түрі, адамдар оның сыпырылып қалған сауытын теңіз түбінен тереді. Қатты сауытты құлағыңызға тоссаңыз, ерекше үіл естіледі. Ал үрлесеңіз, керней дыбысы шығады. Бәлкім, оның жыл қатарына енуіне осы қасиеті негіз болған шығар. Дегенмен, шын мәнінде 12 жылдың біріне кірген хайуан нақ осы ма деген күдік туады. Басқасының бәрі – жер бетіндегі хайуандар. Теңіз түбіндегі кішкентай құрт неліктен жыл атына ие болды? Олай күмәндануға негіз де жоқ емес.

дегеніміз – жылан, Қытайда жылан жылы болмайды деп ұғады. Бұл – қате түсінік. Қытайда да (шэ-чы), моңғолда да (могой жил) жылан жылы бар.

Бұл ретте айдаһар өмірде болған ба, әлде мифтік аңыз ба деген сауал туындайды. Айдаһарлардың осыдан мыңдаған жылдар бұрын қытай жерінде тіршілік еткенін, климаттың өзгеруіне байланысты құрып кеткенін, ең соңғы тұяғы Қарпат тауында (Румыния) өмір сүргенін, аңызда айтылатын барлық қасиеттері (ұшатындығы, аузынан от шашатындығы) шындық екенін Қарпат тауының бір үңгірінен табылған қаңқа арқылы америка ғалымдары дәлелдеген. Бұл туралы деректі фильм де түсірілген. (Мен Моңғолдың «Боловсрол» телеарнасынан көрдім. Фильмнің атын «Үлгэрийн үнэн болсон нь» деп аударыпты. Бірақ әлгі ғалымның аты-жөнін есіме сақтап ала алмай қалдым).



Ұлу жылына ат болған Ұлу Айдаһар екенін атақты ғалым Ақжан Машани атамызда бірнеше еңбегінде жазды. Ол кісі былай дейді: «Ұлуды қытайша

Лун, шумерше Улулу деп атайды. «Күн тұтылғанда ерте заманда оның бетін Дракон (Ұлу) басады деген түсінікке байланысты астрономия ғылымында осы

күнге дейін «Дракон жылы» деген уақыт есебі бар.» (А.Машани 5-том 187 бет, «Ғажайып от ошағында» еңбегі).

«Жыл аты мен ай атын анықтайтын жануарлар көбінесе тектес, тіршілік қасиеттері жағынан өзара сәйкес келетінін көреміз. Ай өзінің орбитасымен шеңбер жасап айналғанда бір ноқатты екі рет басып өтеді екен. Осы жүріске жұмсалатын уақыт Дракон – Аждаһа айы деп аталады. Сол сияқты айтылған ай шеңберіндегі ноқатты Күннің екі рет басып өтуін Дракон жылы дейді.» (133-бет «Мүшел есебінің тарихи астрономиялық дәйектері» атты еңбегі).

«...Ұлу кейде балық мағынасында, кейде жұмсақ денелі садап қошқар мүйізі мағынасында айтады. Халықаралық тілде Ұлуды Дракон деп атайды, оны көбінесе аспаннан келетін айдаһар мағынасында алады.» (4-том 243-бет) Сондай-ақ Машанидың айтуынша, жапондар ұлуды нағыз көгілдір қанды, нағыз су иесі әулие деп санайтын көрінеді. «Су иесі» дегенге теңіздің құрты ұлу деп ойлап қалмаңыз. Таяу шығыс халықтарында ежелден келе жатқан аңыз бойынша жауын шашын келтіретін Шолпан. Бар әлемге тіршілік сыйлайтын Күн жұлдызының жүріп өтер жолының шеңберіндегі 12 жыл

Зодиак бойынша, Арыстан – жұлдыздар тобы. Сондықтан ұлу күнмен байланысты. Ал күннің алдында келетін шолғыншысы – Шолпан. Таяу шығыс, Орта Азия елдеріндегі ежелден келе жатқан аңыз бойынша Шолпан – жауын жауғызатын жақсылық жаршысы.

Жапондар Ұлу жылын су иесі санайтыны соған байланысты. Сол үшін ертеде жапондарда құрғақшылық жылы Ұлуға жалбарынып, жауын сұрайтын ғұрып болған. Демек, жыл атауына ие болған ұлу осы ұлу (айдаһар) екенінде дау жоқ. Ұлу судағы құрт емес, айдаһар екеніне атақты Махмұт Қашқари жазып кеткен мына аңыз да дәлел. «...қаған аңға шығады да барлық жабайы жануарларды Іле өзеніне қарай қууды бұйырған. Бұл – ағысы қатты үлкен дария. Адамдар аң аулай жүріп, хайуандарды Іле өзеніне қарай қуады. Бірқатар хайуандар суға секірген. Солардың он екі түрі судан жүзіп өтеді. Сөйтіп он екі жылға сол он екі хайуанның атын берген. Судан ең алдымен, тышқан жүзіп өтеді. Сол үшін жыл басы соның атымен аталады. ...бесінші ұлу жылы.» (Махмұт Қашқари «Түрік сөздігі» 1 том 403-б).

Бірақ, бір ескеретін жайт, мешін жылын «маймыл», доңыз жылын «шошқа», сиырды «бұқа» жылы деп



сандырақтап жүрген тілбұзарлар сияқты ұлу жылын «айдаһар жылы» деп атаудан аулақ болайық.

Бодаухан ТОҚАНҰЛЫ

Жұрт сүйіп тыңдайтын ән – «Екі жирен» ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының әні ме? Бұл – нүктесі қойылып, шешімін таппаған салмақты сауал. Біз бүгін мұрағаттар ақтара отырып, «Екі жирен» мәтінінің өзге бір нұсқасын жолықтырдық.

«Екі жиреннің» көпшілікке белгілі мәтіні былай:

*Көшкенде жылқы айдаймын аламенен,
Ауылыңа барушы едім даламенен.
Түскенде сен есіме, беу қарағым,
Сағынып сарғаямын сәйменен.*

*Ғизатлу хат жазамын, қалқам, саған,
Самарқау осы күнде көңілім шабан.
Мұғаллақ екі дүние бірінде жоқ,
Даруға осыменен өтті заман.*

[Қайырмасы]
*Екі жирен, жалын түйген,
Жалғанда ғашығымсың жаным сүйген.*

Иә, 2021 жылы Алаштың көзайымына айналған «Ахмет. Ұлт ұстазы» телесериалында да «Екі жирен» әні Мейрамбек Бесбаевтың қоңырлатып орындауымен арқау әуенге қойылды. Сол нұсқа жұртқа бұрынғыдан да қанатын кең жаттаралды.

«Екі жирен» әнінің мұнан да толығырақ мәтінін «Ұлттың ұлы ұстазы» атты кітаптан жолықтырамыз. Ержан Алаштуған құрастырып, «Абай» баспасынан 2022 жылы шығарған, бес тараудан (490 бет) тұратын бұл көлемді

«ЕКІ ЖИРЕННІҢ» ЕКІНШІ НҰСҚАСЫ

жинақта Ахмет Байтұрсынұлын әр қырынан зерттеп жүрген зерттеушілердің мақалалары топтастырылған. Кітаптың «Зерттеулер мен талдаулар» атты екінші тарауында ахметтанушы ғалым, А.Байтұрсынұлы музей-үйінің жетекшісі Райхан Имаханбеттің «Әдебиеттегі елшілдік ұран» атты көлемді мақаласы (302-347 бб.) берілген. Мақаланың «Ахаңның асыл әндері» деп аталатын үшінші тақырыпшасында «Екі жирен» және өзге де әндерге тоқталады. Сондай-ақ өнертанушы ғалымдар бүгінге дейін түйткілді болып келген сұрақтардың жауабын шешуіне үміт артады. Сондай-ақ бірде Ахметке, бірде халыққа тиесілі болып жүрген «Аққұм», «Екі жирен», «Қаракөз», «Ахау достар», «Қарғаш» қатарлы әндердің мәтіндерін ұсынады. Онда берілген «Екі жиреннің» мәтінінде жұртқа белгілі жоғарыдағы екі шумақ, бір қайырмадан сырт тағы бір шумақ бар. Ол мынадай:

*Ей, құрбым, сөз сөйлейін
көрген жайдан,
Айтпаймын күдер үз деп ақ сұңқардан.
Көңілімде еш дауалық болмған соң,
Бойымда толып жатыр ар мен арман* (Ұлттың ұлы ұстазы, 326 бет).

«Екі жирен» атты осы бір ғаламат ән бір күні иесін табар. Өйткені ғылымның барар жері ақиқат емес пе? Алайда А.Байтұрсынұлының өлең мен өзге де жанрдағы жазу стиліне зер салсақ, бұл өлең жолдарын Ахметтікі демеуге

уәж қалмайтындай. Мұндай салмақты ой, тұңғыық сағыныш, тылсым тіл – поэзия жолында хакім Абайды өзіне ұстаз тұтатын Ахметке ғана тән бе екен дейміз.

Жұртқа белгілі екі шумақты жұрт өзі қайта оқып, санадан өткізіп саралай жатар. Ал бұл соңғы шумақтың салмағы қорғасындай ауыр, Ахметтің тау сабырлы мінезіне, Алаш көшбасшысына тән тұлғасына лайық секілді. Белгілі кәсіпкер, «Қазына» кітап дүкенінің директоры Алмас Шәйкен ән мәтініндегі осы шумақ туралы ұзыннан-ұзақ кеңесіп едік. Арада бірер ай өткенде «Екі жирен» тағы да алдымыздан шықты.

Иә, әрине, біз осы соңғы қосылған шумақ арқылы асығыс шешім қабылдап, «Екі жиренді» Ахметке тәуелдей салғаы отырғанымыз жоқ. Бұл жұмбақтың шешуін сала мамандары зерделей келе шешеді деп үміттенеміз.

«Көңілімде еш дауалық болмған соң, Бойымда толып жатыр ар мен арман». Ал бізге қалам алдырып отырғаны – «Екі жиреннің» бізге ұшырасып қалған тағы бір нұсқасы.

Осыдан 73 жыл бұрын, анығы 1951 жылы Елубай Өмірзақұлы құрастырған «Қазақ әндерінің жинағы» атты кітапта «Екі жиреннің» тағы бір нұсқасын кезіктірдік. Алматыдағы «Қазақ елі» журналы баспасынан шыққан бұл кітап төте жазумен басылған. 1930 жылдан бастап А.Байтұрсынұлы жазуы қолда-

ныстан ысырылғанымен, Қазақстанда 1950-жылдары төте жазумен кейбір кітаптар басылып тұрған. Абайдың, Шоқанның және орыс классик жазушыларының еңбектері де сол жылдары төте жазумен оқырманға жетіп отырды.

143 беттен тұратын «Қазақ әндерінің жинағының» басқа бөлімі социализмнің жалауын желбірткен қызыл әндермен басталғанымен, басым бөлігі қазақтың халық әндері, дәстүрлі (авторлы) әндермен толысқан. Қазақтың небір ғаламат ән қазынасының мәтіндері бұл жинаққа енгізілген. Кітап Астанадағы Ұлттық академиялық кітапхананың қорында сақталған.

Енді аталған кітаптағы «Екі жиреннің» мәтінін оқырманға ұсыналық.

ЕКІ ЖИРЕН
(халық әні)

*1.Көзімнің жанарындай сәулем едің,
Көңілімнің қуанышты дәурені едің.
Ойымнан жатсам-тұрсам
бір кетпейсің,
Басымды не сиқырмен әуреледің.*

Қайырмасы:
*О...о...ой әрідаш-ай!...
Ей... екі-ау жирен, жалын түйген.
Жалғанда жалғызымсың ей,
жаным сүйген.*

*2. Көзіңнен айналайын, ей...
күлімдеген,*

*Артыңнан басқан ізін, ей... білінбеген.
Ойымда үш ұйықтасам ей,
бар ма менің,
Айырылып сәулем сенен жүрем деген...
Қайырмасы:
О...о...ой әрідаш-ай!...
Ей... екі-ау жирен, жалын түйген.
Жалғанда жалғызымсың ей,
жаным сүйген.*

Көріп отырмыз, мұнда ән «Халық әні» деп берілген. Иә, өткен ғасырда кімнің әні «халықтыкі» болмады дейсіз. Әннің бірінші шумағы «Екі жиренде» емес, «Аққұмда» кездесетіні де әмбеге аян. Қайырмада «о...о...ой, әрідаш-ай» деп басталатын бір жолы қазіргі біз білетін «Екі жиренде» жоқ.

Екінші шумақ бұған дейінгі «Екі жиренде» емес, «Екі-ай көк», «Көзіңнен жан айналсын» деп аталатын әндердің мәтінінде де кездеседі. Мұны ойлы оқырман, зерделі зерттермен саралай қарап, салмақтап зерттеу жүргізеді деп ойлаймыз. 1951 жылғы «Қазақ әндерінің жинағына» енген «Екі жиреннің» жайы осылай. 73 жыл бұрын басылған кітаптағы «Екі жирен» мен халық арасындағы нұсқа арасындағы айырмашылық алшақтау. Оған қоса «Ұлттың ұлы ұстазы» атты кітаптағы «Екі жирендегі» қорғасыннан ауыр салмағы бар бір шумақ өлең де зерттеуге татиды.

Әділет АХМЕТҰЛЫ

#КЕРЕККЕҢЕС

МЕМЛЕКЕТ КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРДЫ ҚАЛАЙ ҚОЛДАЙДЫ?

Көпбалалы отбасылар – бұл орасан зор бақыт, сондай-ақ үлкен еңбек пен үлкен жауапкершілік, бұл материалдық және моральдық шығындар мен инвестициялар. Мұндай отбасыларды мемлекет қолдай- тынын еске салған жөн. 2024 жылы балалары бар отбасыларға берілетін жәрдемақы көбейеді. Биылғы жылы көпбалалы отбасылар қандай төлемдер алатындығы, олар қандай салықтардан босатылатындығы туралы «Керек кеңес» айдарынан біле аласыздар.

КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРҒА КӨРСЕТІЛЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК ТҮРЛЕРІ

Жүктілікке, босануға, сондай-ақ жаңа туған баланы асырап алуға байланысты әлеуметтік төлемдер. Баланың тууына байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақылар (тууға арналған жәрдемақы).

1,5 жасқа толғанға дейін бала күтімі бойынша ай сайынғы мемлекеттік жәрде- мақы (бала күтімі бойынша жәрдемақы).

Бала 1,5 жасқа толғаннан кейін оның күтіміне байланысты табысынан айы- рылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдер.

Бірге тұратын 4 және одан да көп кәмелетке толмаған балалары бар көпбалалы отбасыларға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы.

«Алтын алқа», «Күміс алқа» алқа- ларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналарға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы.

1,5 жасқа дейінгі бала күтімі бой- ынша жәрдемақылар баланың от- басында қай кезекпен туылғанына байланысты да артады. Олар міндетті әлеуметтік сақтандыруға қатыспаған адамдарға қатысты.

Егер алғашқы 3 балаға күтім бойынша жәрдемақы 5,76-дан 7,85 АЕК-ке дейін (21 266 теңгеден 28 982 теңгеге дейін) болса, онда 4 және одан да көп балаға – 8,9 АЕК (32 859 теңге).

Егер отбасында 1,5 жасқа дейінгі екі немесе одан да көп сәбилерге күтім жасалса, жәрдемақы әрқайсысына тағайындалады. Асырап алынған жаңа туған балаға күтім жасау жөніндегі жәрдемақы соттың тиісті шешімі күшіне енген күннен бастап, ал қамқорлықтағы бала белгіленген күннен бастап тағайындалады.

Әлеуметтік кодекс төрт немесе одан да көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар отбасылар көпбалалы болып саналатынын айқындайды. Бұл ретте, егер басқа ата-ананың отбасында ескерілмесе, туған, асырап алынған, қорғаншылыққа (қамқоршылыққа) алынған және өгей балалар ескеріледі.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы- ларға күтім бойынша әлеуметтік төлемдер соңғы 24 айда жасалған аударымдар есебімен тағайындалады. Бұл ретте төлем мөлшері баланың отбасында туу кезегіне байланысты белгіленген жәрдемақыдан кем болмауы тиіс. Төлемнің ең жоғары мөлшері ағымдағы жылға арналған бюджетпен бел- гіленген ең төменгі жалақының (ЕТЖ) 40%-ының 7 еселенген мөлшерінен (әлеуметтік Кодекстің 85-бабының 2-тармағы), яғни 238 мың теңгеден аспауға тиіс.

ЖӘРДЕМАҚЫНЫ РӘСІМДЕУ ҮШІН ҚАНДАЙ ҚҰЖАТТАР ҚАЖЕТ?

* жеке куәлік немесе сандық құжаттар сервисінен элек-



трондық құжат;

- * балалардың туу туралы куәлігі немесе сандық құжаттар сервисінен электрондық құжаттар;
- * егер кәмелетке толған бала оқу орнында күндізгі бөлімде оқитын болса, оқу орнынан анықтама (анықтама жыл сайын беріледі);
- * асырап алу немесе қорғаншылық белгілеу туралы құжат;
- * егер ата-аналардың некесі бұзылса, балалардың ата-анала- рының бірімен бірге тұратынын растайтын сот шешімі қажет.

Балалардың ата-аналарымен бірге тұруы бұл туралы жәрдемақы тағайындау туралы өтініште көрсету арқылы расталады. Егер бала күндізгі бөлімде оқитын болса, ол бірге тұру фактісіне қарамастан көпбалалы отбасының құрамында ескеріледі.

КӨПБАЛАЛЫ АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН БАСҚА ДА ЖЕҢІЛДІКТЕР

«Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналардың көпбалалы отбасылардың мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті

атқарушы орган жалдаған тұрғын үй алуға бірінші кезектегі құқығы бар.

ЕГЕР ҮЛКЕН БАЛА 18 ЖАСТА БОЛСА, ОТБАСЫ КӨПБАЛАЛЫ БОЛЫП САНАЛА МА?

Егер 18 жастан асқан бала оқу орнында күндізгі бөлімде оқуды жалғастырса, отбасы көпбалалы болып саналады. Мұндай құқық оқушы немесе студент 23 жасқа толғанға дейін отбасында сақталады. Оны күндізгі оқу нысанынан 23 жасқа дейін шығарған кезде көпбалалы отбасына жәр- демақы төлеу тоқтатылады.

«АЛТЫН АЛҚА» ЖӘНЕ «КҮМІС АЛҚА» АЛҚАЛАРЫМЕН МАРАПАТТАЛҒАН КӨПБАЛАЛЫ АНАЛАР ДА БІРҚАТАР САЛЫҚТАР МЕН МЕМЛЕКЕТТІК БАЖДАРДЫ ТӨЛЕУДЕН БОСАТЫЛДЫ:

- * көлік құралдарына салық салу («Батыр ана» атағына ие болған немесе «Алтын алқа» не «Күміс алқа» алқаларымен наградталған көпбалалы аналар, - салық салу объектісі болып табылатын бір автокөлік құралы бойынша);
- * тұрғын үй қоры, оның ішінде оның жанындағы құрылыс- тар алып жатқан жер учаскелері бойынша салық («Батыр ана» атағына ие болған, «Алтын алқа» алқаларымен мара- патталған көпбалалы аналар);
- * үй жанындағы жер учаскелері бойынша салық салу («Батыр ана» атағына ие болған, «Алтын алқа» алқала- рымен марапатталған көпбалалы аналар);
- * жеке тұлғалардың мүлкіне салық салу (1000 есе- ленген АЕК мөлшерінде «Алтын алқа» алқаларымен марапатталған көпбалалы аналар);
- * нотариаттық іс-әрекеттер жасау кезінде мемле- кеттік баж («Батыр ана» атағына ие болған, «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған көпбалалы аналар, - барлық нотариаттық іс-әре- кеттер бойынша);
- * зияткерлік меншік саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган заңды маңызы бар іс-әрекеттер жасаған кезде мемлекеттік баж («Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған «Ба- тыр Ана» атағына ие болған көпбалалы аналар).

2024 ЖЫЛЫ КӨПБАЛАЛЫ АНА ҚАНША ЖӘРДЕМАҚЫ АЛАДЫ?

Көпбалалы отбасыларға ай сайынғы жәрде- мақы мөлшері Әлеуметтік кодекстің 91-бабында айқындалған:

- 4 балаға – 16,03 АЕК (59 183 теңге);
- 5 балаға – 20,04 АЕК (73 988 теңге);
- 6 балаға – 24,05 АЕК (88 793 теңге);
- 7 балаға – 28,06 АЕК (103 598 теңге).

Егер отбасында 8 және одан да көп бала болса, әр балаға 4 АЕК, яғни 8 балаға – 32 АЕК (118 144 теңге) төленетін болады.

МАРАПАТҚА ИЕ БОЛҒАН КӨПБАЛАЛЫ АНАЛАРҒА БЕРІЛЕТІН ЖӘРДЕМАҚЫЛАР:

«Күміс алқа» алқаларымен марапатталғандар 6,4 АЕК (23 629 теңге) алады;

«Алтын алқа» алқасымен, «Батыр ана» атағымен марапат- талған және I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталғандар 7,4 АЕК (27 321 теңге) алады.

КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРҒА ЖӘРДЕМАҚЫ РЕСІМДЕУ ЕРЕЖЕСІ

Жәрдемақыға өтініш берудің үш әдісі бар:

- * eGov.kz порталында өтініш пен барлық қажетті құжаттар ЭЦҚ-мен куәландырылуы керек.
- * Өтініш беруші мобильді азаматтар базасында тіркелген болса, ұялы байланыс құрылғысы арқылы өтініш беруге болады. Ондай жағдайда қызмет көрсету нәтижесі туралы ұялы телефонға SMS хабарлама келеді.
- * «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ филиалында. Бұл ретте мемлекеттік қызмет 7 күнге жуық уақытты алады.

Айгүл АЛЬЖАКСИНА

ХАБАРЛАМА

2024 жылғы 01 сәуірден бастап 10 сәуір аралығында, (6-7 сәуір демалыс күндері) сағат: 09.00-ден 18.00-ге дейін (үзіліс уақыты: 13.00-14.00), «Стоматология» Оқу-клиникалық орталығы» ЖШС-де Астана қаласы бойынша тұрғылықты тіркелген азаматтарды тіс протездеуге жазу келесі санаттар бойынша жүргізіледі:

- ҰОС ардагерлері және ҰОС-ның мүгедектері, соған теңестірілгендер (Чернобыль, Ауған соғысы ардагерлері);
- жасы бойынша зейнеткерлер (ер кісілер – 63 жасы, әйел кісілер – 61 жас);
- I, II, III топ мүгедектігі бар тұлғалар;
- көпбалалы аналар (көпбалалы отбасылар, аз қамтылған азаматтар санатынан (аналар) (АӘК алушылардың қатарынан);
- мүгедектігі бар балаларды асырап отырған отбасы (ата-анасының біреуіне);

- асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік жәрдемақы алатын азаматтар.

Жазу онлайн режимінде жүзеге асырылады. Бұл жазу форматы ха- лық арасында жұқпалы аурулардың алдын алу шараларын күшейтуге бағытталған.

Байланыс телефондары:

- Алматы ауданы: 39-79-49;
- 8 (708) 842-25-07; 8 (708) 922-83-45;
- Есіл, Нұра ауданы: 31-05-02;
- 8 (708) 842-24-90; 8 (708) 842-25-03

Құжаттар тізімі:

- ҚР жеке куәлігі
- Жасы бойынша зейнеткер куәлігі
- I, II, III топ мүгедектігі туралы куәлігі
- Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік жәрдемақы алушы куәлігі (анықтама)

БАСПАСӨЗ-2024

ГАЗЕТКЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

*ГАЗЕТИМІЗДІ «ҚАЗПОШТА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ БӨЛІМШЕЛЕРІНДЕ, СОНДАЙ-АҚ, «АСТАНА АҚШАМЫ» ГАЗЕТІ РЕДАКЦИЯСЫНА (Достық көшесі 13, "Нұрсаң-2" ТК) КЕЛІП ЖАЗДЫРЫП АЛУҒА БОЛАДЫ.

Индекс	65617	Баспалық жазылу бағасы	Индекс	15617	Баспалық жазылу бағасы
Жеке жазылушылар үшін		1 айға 430 3 айға 1 335 6 айға 2 670	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		1 айға 500 3 айға 1500 6 айға 3000
Индекс	65617	«Қазпочта» АҚ арқылы жазылу бағасы	Индекс	15617	«Қазпочта» АҚ арқылы жазылу бағасы
Жеке жазылушылар үшін		1 айға 639,36 3 айға 1 918,08 6 айға 3 836,16	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		1 айға 889,36 3 айға 2 698,08 6 айға 5 396,16

АНЫҚТАМА ТЕЛЕФОНЫ



РЕДАКЦИЯ: 8 (7172) 42-43-52



САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРДІ «СӨЙЛЕТКЕН» КЕШ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның камералық хоры «Тал бесіктен – Жер бесікке...» атты театрландырылған қойылым ұсынды. «Астана Опера» театрының Күләш Байсейітова атындағы камералық залында өткен кеш қазақтың дәстүрлі әдет-ғұрыптарына негізделген.

Ұлтымыздың күнделікті тұрмыс-тіршілігі сан түрлі салт-дәстүрлерге, отбасылық, тұрмыстық әдет-ғұрыптарға толы. Олардың барлығы рухани өмірімізде көрініс тауып, этникалық мәдениетімізді құрайды. Қойылым халық музыкасы мен ұлттық классика дәстүрлеріне негізделген. Қойылымда қазақ халқының даналығын, кеңпейілділігін, қонақжайлылығын, философиясы мен дүниетанымын ашатын салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың өзіндік кешені драматургиялық тұрғыда құрылған.

Хор әртістері ұлттық киімде, ұлттық нақыштағы сахнада өлеңдерді көркемдеп оқып, Дәулеткерейдің «Қамажай», «Қосалқа» (өңдеген Е.Коробейникова), «Қуырмаш» (өңдеген Ә.Әбдінұров) күйлерін, Е.Хасанғалиевтың «Келші, келші балашым» әнін, Құрманғазының «Балбырауын» (өңдеген Е.Абылай) күйін және хорға арналып өңделген қазақтың халық әндері мен қазақ композиторларының шығармаларын орындады. Концертке Камералық хордың жеке орындаушылары Жұбаныш Зетова, Абылай Ерболат,

Жандос Байбосынов, Әділ Сұлтан қатысты.

«Тал бесіктен – Жер бесікке...» театрландырылған қойылымы алғаш рет ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай осыдан 2 жыл бұрын ұсынылып, көрермендер мен музыка сыншылары тарапынан жоғары бағаға ие болды. Хордың көркемдік жетекшісі және бас дирижері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Гүлмира Құттыбадамова, дирижері – Данара Ташатова, концертмейстер – Гүлден Базыкен.

ЖЕТІСУ ӘУЕНДЕРІ ӘУЕЛЕДІ

Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның «Қорқыт» этно ансамблі «Жетісу әуендері» атты концерт ұсынды.

Концерт шымылдығы М.Бердіғұловтың «Шашу» шығармасымен ашылды. Ал концерттің негізі болған М.Әубәкіровтің «Жетісу суреттерін» орындаған шығармашылық топ тыңдарманның көз алдына Жетісу өңірінің бар көркемдігін әкелгендей болды. Кеште «Қорқыт» этно ансамблі және филармонияның дәстүрлі әншілері Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Арайлым Рахым, мәдениет саласының үздіктері Телман Нұрқенов, Нұрай Танабаев, Әйгерім Нартүйе, Данияр Мұқан және халықаралық байқаулардың лауреаттары Айдос Оңғарбай, Алуа Қалымбекова, Нұржан Мейірхан өнер көрсетті.

«Концерттің негізгі мақсаты – Жетісу композиторларының әндерін, күйлерін насихаттау. Сонымен қатар, этноансамблінің орындаушылық шеберлігін көпке таныту. Жалпы, біздің өнер ұжымы қатысқан байқауларда, концерттерде өнерсүйер көпшілік ылғи өз ризашылықтарын білдіріп жатады. Бүгінгі концерт те өте сәтті өтті деп ойлаймын. Тыңдармандар «бейне бір спектакль тамашалағандай болып шықтық» деп әсерлерімен бөлісуде. Осылайша ұлттық өнеріміздің өркендеуіне үлес қосып жатқанымызға дән ризамыз» деді «Қорқыт» этно ансамблінің көркемдік жетекшісі, Қазақстанның Мәдениет қайраткері Шолпан Қорғанбек.



Дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

19/03
16:00

«НАУРЫЗ» ҰЛТТЫҚ СЫЙЛЫҒЫНЫҢ
МАРАПАТТАУ РӨСІМІ

Бейбітшілік және келісім сарайы

«Наурыз Ұлттық сыйлығы 2024»
БЕЙБІТШІЛІК ЖӘНЕ КЕЛІСІМ САРАЙЫ

КЕШ ҚОНАҚТАРЫ:
Мадина Сидурасова
Түрлі «Ұлттық»
Қайрат Есенқиев
Айла Уәлибаева



19/03 **19:00**

«АЛАШ ЖОЛЫ» ДРАМАСЫ

Ә.Мамбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театры

К.ХҮТІСОВ
АЛАШ ЖОЛЫ
/ДРАМА/

20 НАУРЫЗ -
ҰЛТТЫҚ СПОРТ КҮНІ

20 НАУРЫЗ (СЕЙСЕНБІ), САҒАТ 10.00
«АРҒЫМАҚ» АТ-СПОРТ КЕШЕНІ,
АСТАНА Қ. Х. РОДЧЕНКОСЫН АТАС ЖОЛЫ, 3.
ДРЕСС-КОД: ҰЛТТЫҚ КИІМ

20/03
10:00-15:00

«НАУРЫЗНАМА: ҰЛТТЫҚ СПОРТ КҮНІ»
МЕРЕКЕЛІК ІС-ШАРАСЫ

«Арғымақ» ат-спорт кешені

20/03
19:00

«НАУРЫЗ – КӨКТЕМ»

Астана Опера

**Наурыз –
коктейл**

21/03
18:00

«НАУРЫЗ ӘУЕНДЕРІ»
МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТІ

«Жастар» сарайы

21-22/03
11:00-16:00

«НАУРЫЗ – БЕРЕКЕ БАСТАУЫ»
МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТІ

Орталық алаң, «Байтерек»
монументі алаңы, Орталық
парк, «Қазақ елі»
монументі алаңы,
EXPO аумағы

21-24/03
14:00, 16:00, 16:30

«НАУРЫЗ ДУМАН» ҚУЫРШАҚТАР ШОУЫ

Қуыршақ театры



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор –
Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор –
Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың
орынбасары –
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №33

Баспахана: Астана қаласы,

Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі:
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ